ДОГОВОР ПОДРЯДА /
МЕРДІГЕРЛІК ШАРТ

№ _____

Дата заключения / Қол қойылған күн: _____, 2023

Место заключения / Қол қойылған орын: Атырау / Atyrau

Акционерное общество «Каспийский Трубопроводный Консорциум-К» (сокращенное наименование - АО «КТК-К»), далее именуемое «Компания», в лице _____, с одной стороны и **_____**, далее именуемое «Подрядчик», в лице _____, действующего на основании _____, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», а при упоминании в отдельности – «Сторона», если иное не вытекает из контекста, заключили настоящий договор (далее по тексту – Договор) на нижеследующих условиях.

Осы Мердігерлік шарт (бұдан әрі осы мәтінде Келісімшарт деп аталады) **«Каспий Құбыр Консорциумы-Қ» Акционерлік қоғамы (қысқартылған түрде ККК-Қ АҚ)**, бұдан әрі «Компания», атынан _____, бірінші тараптан, және **_____, бұдан әрі «Мердігер»,** атынан _____, екінші тараптан, контекст бойынша басқа мағына болмағанда бұдан әрі бірге «Тараптар», әрқайсысы жеке «Тарап» деп аталады да, келесі шарттар негізінде осы Қызмет көрсету шартын (бұдан әрі осы мәтінде Келісімшарт деп аталады) жасасып, қолдарын қойды:

1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

1.1. Компания поручает, а Подрядчик обязуется выполнить Работы, описание которых приведено в приложении №1 к Договору «Техническое задание».

1.2. Работы выполняются по наряд-заказам, подписываемым Сторонами в порядке, определенном настоящим Договором, по форме приложения № 3 к настоящему Договору.
Наряд-заказы определяют объем Работ, сроки, стоимость Работ и иные условия выполнения Работ. Наряд-заказы подписываются Сторонами в соответствии с разделом 2 Договора.

1. КЕЛІСІМШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Компания Келісімшарттың №1 Қосымшасында «Техникалық тапсырмасында» сипаттамасы келтірілген жұмыстарды тапсырады, ал Мердігер аталған жұмыстарды орындауға міндеттенеді.

1.2. Жұмыстар Келісімшарттың №3 Қосымшасындағы үлгідегі наряд-тапсырыстар бойынша орындалады, Тараптар оларға осы Келісімшартта анықталған тәртіппен қол қояды. Наряд-тапсырыстар Жұмыстардың көлемін, Жұмыстардың бағасын және Жұмыс орындаудың өзге шарттарын анықтайды. Наряд-тапсырысқа Келісімшарттың 2 тарауына сәйкес Тараптар қолдарын қояды.

2. ПОДПИСАНИЕ НАРЯД-ЗАКАЗОВ

2.1. Наряд–заказ подписывается Сторонами в следующем порядке:

2.1.1. Компания направляет Подрядчику заявку на Работы, содержащую описание Работ (виды, объем), сроки выполнения Работ, а также срок для направления Подрядчиком расчета стоимости указанных в заявке Работ.

2.1.2. Подрядчик в срок, установленный в заявке Компании, направляет Компании на согласование расчет стоимости Работ.

2.1.3. После согласования Компанией стоимости Работ, иных существенных условий выполнения Работ Стороны подписывают наряд-заказ. Наряд-заказы подписываются надлежаще уполномоченными представителями Сторон в соответствии с порядком подписания Договора,

2. НАРЯД-ТАПСЫРЫСТАРҒА ҚОЛ ҚОЮ

2.1. Наряд-тапсырысқа Тараптар келесі тәртіппен қолдарын қояды:

2.1.1. Компания Мердігерге Жұмыс орындауға тапсырыс жолдайды, онда Жұмыстар сипаттамасы (түрі, көлемі), орындау мерзімі, Мердігердің тапсырыста көрсетілген Жұмыстар бағасын есептеуге жолдау мерзімі көрсетіледі.

2.1.2. Мердігер Компания тапсырысында көрсетілген мерзімде Компанияға Жұмыстар бағасын келісімге жолдайды.

2.1.3. Компания Жұмыстар бағасын, басқа да мағыналы шарттарды келістіргеннен соң Тараптар наряд-тапсырысқа Келісімшарттың 19.4., 19.5. тармақшаларына сәйкес қолдарын қояды. Наряд-тапсырыстарға Тараптардың өкілетті тұлғалары қол қояды.

установленным пунктами 19.4., 19.5. Договора.

2.1.4. Копии Наряд-заказов, полученные посредством факсимильной связи или электронных средств связи, действительны при условии последующего направления оригинала не позднее 5 (пяти) рабочих дней с даты отправки копии наряд-заказов.

2.2. В случае выявления противоречий между условиями наряд-заказов и условиями Договора, превалируют условия Договора.

3. ДОГОВОРНАЯ ЦЕНА И ПОРЯДОК ОПЛАТЫ

3.1 Предельная сумма всех платежей, которые могут быть произведены Подрядчику за выполненные Работы по Договору, условия оплаты по Договору определены в Приложении № 4 к Договору «Договорная цена и порядок оплаты».

Цена наряд-заказа является твердой и включает в себя стоимость всех Работ, материалов и оборудования, компенсацию всех издержек Подрядчика, связанных с выполнением Работ, если в наряд-заказе не указано иное.

3.2. Платеж считается осуществленным, когда Компания выдаст указание своему банку перевести денежную сумму на счет Подрядчика, указанный в Договоре. Комиссии банка Компании оплачиваются Компанией, комиссии банка Подрядчика и банков-корреспондентов, при наличии таковых, взимаются за счет Подрядчика.

3.3. Все платежи по Договору осуществляются на основании выставленного Подрядчиком оригинала счета на оплату. Все счета Подрядчика выставляются Компании с приложением сопроводительных документов, оформленных в соответствии с приложением № 2 «Процедура доставки счетов АО «КТК-К» к Договору.

3.4. Компания имеет право приостановить любые платежи по Договору, в случае непредставления Подрядчиком документов, оформленных в соответствии с приложением № 2 к Договору, а также документов, указанных в разделе 4 «Налоги» Договора.

3.5. В случае изменения наименования, организационно-правовой формы, местонахождения или завершения реорганизации одной из Сторон, данная Сторона обязана не позднее 5 (пяти) пяти рабочих дней с момента такого изменения(й) уведомить другую Сторону о таком изменении(ях). При изменении указанных данных Стороны заключают соответствующее дополнительное соглашение к Договору. Оплата за выполненные Работы производится Компанией только после заключения соответствующего дополнительного соглашения к Договору.

2.1.4. Факс арқылы немесе электрондық байланыс құралдары арқылы алынған наряд-тапсырыстар көшірмелері соңынан көшірмелер жолданған күннен 5 (бес) жұмыс күнінен кешікпей түпнұсқалары жолданғанда заңды болады.

2.2. Наряд-тапсырыстар мен Келісімшарт шарттары арасында қайшылық анықталған жағдайда Келісімшарт шарттары басым болады.

2. КЕЛІСІМШАРТ БАҒАСЫ ЖӘНЕ ТӨЛЕМ ЖАСАУ ТӘРТІБІ

3.1 Келісімшарт бойынша Мердігерге төленетін Келісімшарт бағасы (бұдан әрі Келісімшарт бағасы), төлеу мерзімділігі, төлем валютасы және төлемнің басқа да шарттары Келісімшарттың «Келісімшарт бағасы және төлем жасау тәртібі» - №4 Қосымшасында анықталған.
Наряд-тапсырыстың бағасына барлық Жұмыстардың, Мердігердің Жұмыстарды орындауға байланысты шығындары қосылады.

3.2 Компания өзінің банкіне Келісімшартта көрсетілген Мердігер шотына қаржы сомасын аудару жөнінде нұсқау бергенде төлем жасалған болып табылады. Компанияның банкілік комиссияларын Компания төлейді, Мердігер және оның корреспонденттік банкілерінің комиссиялары Мердігер есебінен алынады.

3.3 Төлем Мердігер шығарған шот түпнұсқасының негізінде жасалады. Мердігердің барлық шоттары Компанияға Келісімшарттың №2 Қосымшасына – «ККК-Қ АҚ Шоттарын жеткізу процедурасына» сәйкес рәсімделген ілеспе құжаттарын жалғастырумен табысталады.

3.4 Мердігер Келісімшарттың №2 Қосымшасына сәйкес рәсімделген құжаттарды, сондай-ақ Келісімшарттың «Салықтар» - 4 тарауында көрсетілген құжаттарды табыстамаған жағдайда Компания Келісімшарт бойынша кез келген төлемдерді тоқтатып қоюға құқылы.

3.5 Тараптардың бірінің атауы, ұйымдастыру-құқықтық формасы, мекенжайы өзгергенде, қайта құрылуы аяқталғанда бұл Тарап екінші Тарапқа ондай өзгеріс болған күннен 5 (бес) жұмыс күнінен кешікпей ол туралы хабарлауға міндетті. Көрсетілген деректер өзгерген жағдайда Тараптар Келісімшартқа тиісті Қосымша келісім жасақтайды. Компания орындалған жұмыстар бойынша төлемдерді Келісімшартқа тиісті Қосымша келісім жасақталғаннан соң жасайды.

3.6. В случае изменения банковских реквизитов, почтовых адресов Сторон, каждая Сторона обязана письменно уведомить об изменении указанных реквизитов другую Сторону в течение 5 (пяти) рабочих дней с момента такого изменения.

3.6 Тараптардың банкілік деректері немесе пошталық мекенжайы өзгерген жағдайда әр Тарап екінші Тарапқа ондай өзгеріс болған күннен 5 (бес) жұмыс күнінен кешікпей ол туралы хабарлауға міндетті.

4. НАЛОГИ

4. САЛЫҚТАР

4.1. Общие условия о налогах, применимые к Подрядчику независимо от его резидентства.

4.1. Мердігердің резиденттігіне қатыссыз оған қолданылатын салықтар туралы жалпы шарттар.

4.1.1. Договорная цена включает в себя все налоги и сборы, за исключением налога на добавленную стоимость (НДС), которые взимаются или будут взиматься в будущем в связи с Договором или в связи с выполнением Работ Подрядчиком, включая, в частности, следующие:

- все налоги на прибыль и сверхприбыль, а также прочие налоги, сборы и пошлины, начисляемые на доходы Подрядчика;
- акцизы;
- все налоги, начисляемые на заработную плату и прочие пособия, выплачиваемые или предоставляемые в натуре сотрудникам/представителям Подрядчика (независимо от того, в какой юрисдикции указанные налоги возникли);
- все налоги и платежи, связанные с природными ресурсами (платежи за пользование недрами, плата за пользование водными ресурсами, роялти, плата за загрязнение окружающей среды и прочие), уплачиваемые Подрядчиком;
- все налоги, начисляемые на любое имущество или оборудование (включая материалы и расходные материалы) Подрядчика, за исключением таможенных, а также импортных и реэкспортных пошлин, отдельно поименованных как возмещаемые/уплачиваемые Компанией в соответствии с Договором.

4.1.1. Келісімшарттың бағасына Қосымша құн салығынан (ҚҚС) басқа барлық осы Келісімшартқа байланысты салынатын немесе болашақта салынатын, немесе Орындаушының осы Келісімшарт бойынша орындайтын жұмысына байланысты салықтар мен жиындар қосылған, оның ішінде:
- барлық табыстық және үстеме табыстық салықтар, Орындаушының табысына салынатын басқа да салықтар, жиындар мен баждар;
- акциздер;
- Еңбекақыға және Орындаушының қызметкерлеріне/ өкілдеріне төленетін немесе берілетін басқа төлемдеріне салынатын салықтар (қандай юрисдикцияға байланысты туындауына байланыссыз);

- Орындаушы төлейтін табиғи ресурстар бойынша барлық салықтар мен төлемдер (жер қойнауын пайдалану үшін төлем, су салығы, Роялти, қоршаған ортаны ластағаны үшін төлем т.б.);
- Орындаушының кез келген меншігіне немесе жабдығына (материалдары мен жұмсалатын заттарды қосқанда) салынатын барлық салықтар, осы Келісімшарт бойынша Компания тарапынан өтелуі/ төленуі жеке тізімделіп, көрсетілген кедендік, импорттық және реэкспорттық баждардан басқа төлемдер.

4.1.2. Подрядчик самостоятельно несет ответственность за выполнение всех требований законодательства РК в отношении налогов и сборов, в частности, за регистрацию в налоговых органах, предоставление отчетности контролирующим органам, уплату налогов и сборов и осуществление прочих действий, предусмотренных действующим законодательством РК.

4.1.2. Орындаушы салық және жиындарға қатысты ҚР заңнамасын орындау бойынша, яғни салықтық органдарда тіркелу, бақылаушы органдарға есептілік тапсыру, салықтар мен жиындарды төлеу, басқа да ҚР заңнамасында қарастырылған әрекеттерді орындауына жауапты.

4.1.3. В случае если налоговыми органами РК будет установлен факт отклонения Договорной цены от рыночной и в этой связи будет произведена корректировка Договорной цены, и с Компании будут взысканы дополнительные налоги, штрафы, пени, то Подрядчик выплачивает Компании штраф в размере 100% от взысканных таким образом дополнительных налогов, штрафов, пени, а также возмещает Компании все убытки, понесенные Компанией в связи с такой корректировкой Договорной цены и взысканием дополнительных

4.1.3. ҚР салық органдары Келісімшарт бағасының нарықтық бағадан ауытқуы фактісі анықталса және оған байланысты Келісімшарт бағасын түзету жасалса және Компаниядан қосымша салықтар, айыппұлдар, өсімпұлдар өндірілсе, Мердігер осылай өндірілген қосымша салықтарды, айыппұлдарды, өсімпұлдарды, сондай-ақ Келісімшарт бағасын осындай түзетуге және қосымша салықтар, айыппұлдар және өсімпұлдар өндірілуіне байланысты Компания көтерген барлық шығындарды өтейді.

налогов, штрафов, пени.

4.1.4 Подрядчик обязуется в течение 30 (тридцати) календарных дней с момента получения письменного запроса Компании предоставлять Компании информацию и документы, подтверждающие экономическое обоснование применяемой цены Договора, а также иную информацию, необходимую Компании для подачи отчетности по мониторингу сделок и/или в ходе проведения проверок в соответствии с Законом Республики Казахстан «О трансфертном ценообразовании». Указанная информация сохраняется Подрядчиком и предоставляется Компании в период срока действия Договора, а также в течение 5 (пяти) лет после завершения (прекращения) Договора.

4.1.4 Мердігер Компанияның жазбаша түрдегі сұранымын алған сәттен 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Компанияға қолданылатын Келісімшарт бағасының экономикалық негізделуін растайтын ақпарат пен құжаттарды, сондай-ақ Компанияға «Трансферттік баға белгілеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мәмілелерге мониторинг жүргізу бойынша есептілік беру үшін және/немесе тексеру жүргізу барысында қажет өзге ақпаратты ұсынуға міндеттенеді. Аталған ақпаратты Мердігер сақтайды және Келісімшартты қолдану мерзімі ішінде, сондай-ақ Келісімшарт аяқталғаннан (тоқтатылғаннан) соң 5 (бес) жыл ішінде Компанияға ұсынады.

4.1.5 В случае непредоставления или несвоевременного предоставления Подрядчиком информации и документов, определенных в п. 4.1.4 настоящего Договора, Подрядчик по требованию Компании уплачивает Компании штраф в размере 3% (три процента) от Договорной цены, а также убытки, причиненные таким непредоставлением или несвоевременным предоставлением в полном объеме.

4.1.5 Мердігер осы Келісімшарттың 4.1.4 т. анықталған ақпарат пен құжаттарды ұсынбаған немесе уақытылы ұсынбаған жағдайда Мердігер Компанияның талабы бойынша Компанияға Келісімшарт бағасының 3% мөлшерінде айыппұл төлейді, сондай-ақ ондай ұсынбау немесе уақытылы ұсынбау салдарынан келтірілген шығындарын толық көлемде өтейді.

4.2. Условия, применимые к Подрядчику - резиденту РК:

4.2. ҚР резиденті болып табылатын Орындаушыға қолданылатын шарттар.

4.2.1. В течение 30 (тридцати) календарных дней после заключения Договора Подрядчик представляет Компании нотариально заверенные копии своего свидетельства о постановке на учет в налоговом органе РК в качестве налогоплательщика, свидетельства о постановке на регистрационный учет по налогу на добавленную стоимость и незамедлительно представляет обновленные нотариально заверенные копии вышеуказанных документов в случае изменения своих налоговых реквизитов.

4.2.1. Келісімшартқа қол қойылғаннан соң 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Орындаушы Компанияға өзінің ҚР салық органында тіркелуі туралы куәлігінің нотариус бекіткен көшірмесін табыстайды; өзінің салықтық деректемелері өзгерген жағдайда олардың жаңартылған нотариус бекіткен көшірмелерін жедел түрде табыстайды. Орындаушы Келісімшарттың осы тармағында аталған құжаттарды Компанияға табыстамайынша, Компания осы Келісімшарт бойынша Орындаушыға ешқандай төлем жасауға міндетті емес.

4.2.2. В случае если Подрядчик в установленные законодательством Республики Казахстан сроки не предпримет действий, связанных со своевременным исполнением налоговых обязательств (включая подачу деклараций по НДС, полное отражение в них оборотов по реализации услуг Компании, представление всех необходимых документов налоговым органам для встречной проверки, уплату налогов), и это приведет к отказу уполномоченным органом в осуществлении Компанией зачета НДС, уплаченного Подрядчиком по оборотам между Подрядчиком и Компанией, или отказу в возмещении Компании НДС из бюджета, Подрядчик оплачивает Компании штраф (неустойку) в размере, равном сумме НДС, в возмещении из бюджета/ зачете которого Компании было отказано по вине Подрядчика. При этом право требования оплаты штрафа (неустойки) появляется у Компании с отказом в возмещении НДС/зачете на первое

4.2.2. Мердігер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзім ішінде салықтық міндеттемелерді уақытылы орындауға байланысты (ҚҚС бойынша декларация беруді, оларда Компанияға қызмет көрсету бойынша айналымды толық көрсетуді, салық органдарына қарама қарсы тексеріс үшін барлық қажетті құжаттарды ұсынуды, салық төлеуді қоса алғанда) іс-әрекет жасамаған жағдайда, және бұл уәкілетті органның Мердігер мен Компания арасындағы айналымдар бойынша Мердігерге төленген ҚҚС-ны Компанияның есебіне жатқызудан немесе Компанияға ҚҚС-ны бюджеттен өтеуден бас тартуына соқтырса, Мердігер Компанияға Мердігердің кінәсінен Компанияға бюджеттен өтеуден/ Компанияның есебіне жатқызудан бас тартылған ҚҚС сомасына тең мөлшерде айыппұл (тұрақсыздық айыбын) төлейді. Бұл жағдайда Компанияда айыппұл

соответствующее обращение Компании к уполномоченному органу.

(тұрақсыздық айыбын) төлеуді талап ету құқығы Компания уәкілетті органға бірінші рет тиісті жүгінгенде ҚҚС-ны өтеуден/есепке жатқызудан бас тартумен қатар туындайды.

4.3. Условия, применимые к Подрядчику – нерезиденту РК.

4.3. ҚР резиденті емес Орындаушыға қолданылатын шарттар.

4.3.1. Компания удерживает налог у источника с суммы выплаты в объеме, предусмотренном действующим законодательством РК, и в момент выплаты Подрядчику за любые Работы, выполненные Подрядчиком на территории РК, а также с суммы выплаты за некоторые Работы, выполненные за пределами РК, если таковое предусмотрено действующим законодательством РК.

4.3.1. Компания Орындаушыға ҚР аумағында орындаған жұмыстар үшін төленген сомадан төлеушіден және төлем жасау сәтінде Қолданылатын құқықта көзделген мөлшерде салық ұстап қалады, сондай-ақ ҚР аумағынан тыс жерде орындалған жұмыстар үшін төленген сомадан төлем жасау сәтінде салық ұстап қалады, егер Қолданылатын құқықта ондай көделген болса.

4.3.2. В течение 30 (тридцати) календарных дней после заключения Договора Подрядчик представляет Компании один из следующих документов:
- нотариально заверенную копию свидетельства о постановке на учет в налоговом органе Республики Казахстан (доход, подлежащий выплате Компанией, считается доходом соответствующего казахстанского учреждения Подрядчика). Подрядчик незамедлительно представляет Компании обновленную нотариально заверенную копию своего свидетельства о постановке на учет в казахстанском налоговом органе, в случае изменения своих налоговых реквизитов; или
- письменное заявление, подписанное уполномоченным представителем Подрядчика, о том, что постановки на учет в каком-либо налоговом органе РК (который, включая все его административно-территориальные подразделения, именуется «Налоговым органом») не требуется ввиду того, что у Подрядчика (или его структурного подразделения/филиала/ представительства) нет постоянного учреждения в какой-либо налоговой юрисдикции на территории РК.

4.3.2. Келісімшартқа қол қойылғаннан соң 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Орындаушы Компанияға келесі құжаттардың бірін тапсырады:
- салық органында тіркеуге алынғаны жөніндегі Қазақстандық куәліктің нотариус бекіткен көшірмесі (Компания төлейтін пайда тиісті қазақстандық кәсіпорынның пайдасы болып танылады). Салықтық деректемелері өзгерген болса, Орындаушы тез арада Компанияға өзінің қазақстандық салық органында тіркелгені жөніндегі куәліктің нотариус бекіткен жаңа көшірмесін; немесе

- Орындаушының (немесе оның құрылымдық бөлімінің/филиалының/өкілдігінің) ҚР аумағында салықтық орган қарауына жататын тұрақты мекемесі болмауы себепті ҚР салық органында (барлық әкімшілік-аумақтық бөлімшелерімен бірге Салық органы деп аталады) тіркелуі талап етілмейтіні жөніндегі Орындаушының уәкілетті өкілінің қолы қойылған жазбаша түрдегі өтінішін тапсырады.

4.3.3. В случае если Подрядчик получает доход, освобождаемый от обложения налогом у источника или подлежащий обложению налогом у источника выплаты по пониженной ставке в соответствии с положениями применимого соглашения об избежании двойного налогообложения, в течение 30 (тридцати) календарных дней после заключения Договора Компании предоставляются:

– апостилированный сертификат резидентства, выданный уполномоченным органом страны, с которой у Республики Казахстан подписано соглашение об избежании двойного налогообложения. Такой сертификат удовлетворяет всем применимым требованиям Республики Казахстан и приемлем для налоговых органов Республики Казахстан;
- нотариально заверенные копии учредительных документов либо выписки из торгового реестра с указанием учредителей (участников) и

4.3.3. Орындаушы төлеушіден салық салудан босатылған табыс алатын болса, немесе төлеушіден екі жақтық салық салудың алдын алу туралы Келісім қолданылатын жағдайда оның ережелеріне сәйкес төмендетілген ставка бойынша салық салынатын табыс алатын болса, Келісімшартқа қол қойылғаннан соң 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Орындаушы Компанияға келесі құжаттар тапсырылады:
- Қазақстан Республикасымен екі жақтық салық салудың алдын алу туралы Келісімі бар елдің уәкілетті салық органы берген резиденттігі туралы апостильденген сертификат. Мұндай сертификат Қазақстан Республикасы қолданатын барлық талаптарға сай және Қазақстан Республикасы салық органдары үшін қолданымды;
- резидент емес заңды тұлғаның құрылтайлық құжаттарының нотариус растаған көшірмелері немесе құрылтайшылары (қатысушылары) мен

мажоритарных акционеров юридического лица-нерезидента – в 2 (двух) экземплярах;
- письменное заявление, подписанное уполномоченным представителем Подрядчика о том, что Подрядчик является окончательным (фактическим) получателем (владельцем) дохода, то есть лицом, которое имеет право самостоятельно определять способы владения, пользования и распоряжения доходами, либо он является лицом, у которого нет прав владения, пользования и распоряжения доходами и которое является посредником/агентом/комиссионером в отношении такого дохода и окончательным получателем дохода не является.

мажоритарлық акционерлері көрсетілген сауда реестрінен алынған жазба - 2 (екі) дана;
- Орындаушы іс жүзіндегі табыс алушы (иегері), яғни табысты өз бетімен иелену, пайдалану әдістерін анықтай алатын тұлға болып танылатындығы, немесе оның табысты иелену, пайдалану құқығы жоғын және ол ондай табысқа қатысты делдал/агент/комиссионер екендігін және табыстың соңғы алушысы болып табылмайтындығы жөніндегі Орындаушының уәкілетті өкілі қолын қойған жазбаша өтініш.

При возникновении любых изменений, затрагивающих информацию, приведенную в сертификате резидентства или учредительных документах, Подрядчик незамедлительно предоставляет Компании новый сертификат резидентства, удовлетворяющий требованиям законодательства Республики Казахстан, а также предоставляет нотариально заверенные копии новых учредительных документов, в случае каждого изменения содержащейся в таких документах информации или если такая информация более не является корректной. Компания не осуществляет в пользу Подрядчика никаких платежей до получения таких документов.

Резиденттігі туралы сертификатта немесе құрылтайлық құжаттарда өзгерістер пайда болғанда, Орындаушы Компанияға ҚР заңнамасы талаптарына сай Резиденттігі туралы жаңа Сертификат, сондай-ақ жаңа құрылтайлық құжаттардың нотариус бекіткен көшірмелерін ондай өзгерістер болған сайын, ондағы ақпарат дұрыс болмаса, тапсырып тұрады. Компания Орындаушының пайдасына осындай құжаттар алмайынша ешқандай төлем жасамайды.

4.3.4. Компания будет применять пониженные ставки налога у источника либо не удерживать налог у источника только на основании соответствующих положений действующих соглашений об избежании двойного налогообложения и только при получении от Подрядчика апостилированного сертификата резидентства, а также нотариально заверенных копий учредительных документов либо выписки из торгового реестра с указанием учредителей (участников) и мажоритарных акционеров юридического лица-нерезидента.

4.3.4. Компания төлеушіден төмендетілген салықтық ставкаларын қолданып, немесе төлеушіден салық ұсталмайтын төлем жасауды тек екі жақтық салық салудың алдын алу туралы Келісімнің тиісті ережелері негізінде ғана және Орындаушыдан қолданылатын заңнама талаптарына сай резиденттігі туралы апостильденген сертификат, сонымен бірге құрылтайлық құжаттарының нотариус растаған жаңа көшірмелерін немесе заңды тұлғаның құрылтайшылары (қатысушылары) мен мажоритарлық акционерлері көрсетілген сауда реестрінен алынған жазбаны алғанда ғана қолданады.

4.3.5. В случае если дата приемки Работ Компанией приходится на другой календарный год, Подрядчиком представляются обновленные документы, указанные в пунктах 4.3.2., 4.3.3. Договора.

4.3.5. Егер Компания қызметті қабылдап алған күн келесі күнтізбелік жылға жататын болса, Орындаушы жаңартылған құжаттарды Келісімшарттың 4.3.2 және 4.3.3 тт. аталған құжаттарды табыстайды.

4.3.6. В случае удержания Компанией налога у источника, Компания не обязана возмещать указанный налог Подрядчику. Подрядчик может далее своими силами и за свой счет, требовать возврата удержанной суммы налога от налоговых органов РК, если положения соответствующего соглашения об избежании двойного налогообложения будут к нему применимы.

4.3.6. Компания төлем жасаушыдан салық ұстап қалған жағдайда Компания Орындаушыға аталған салықты өтеуге міндетті емес. Орындаушыға екі жақтық салық салудың алдын алу туралы Келісімнің тиісті ережелері қолданылатын болса, ол ҚР салық органдарынан өз күшімен және өз есебінен ұсталған соманы қайтаруды талап ете алады.

4.3.7. В случаях, если Компания будет обязана возместить Подрядчику какие-либо затраты по фактической стоимости, любые суммы налога,

4.3.7. Егер де Компания Орындаушыға іс жүзіндегі баға бойынша кез келген шығындарын өтеуге міндетті болса, Компания төлем

удерживаемые Компанией у источника при выплате указанного выше возмещения и перечисленные в бюджет РК, составляют надлежащий платеж по возмещению затрат по фактической стоимости и не должны быть компенсированы Компанией дополнительно, если иначе не оговорено Договором.

жасаушыдан ұстап қалған және ҚР бюджетіне төлеген салық сомалары, осы Келісімшартта басқаша келісілмеген жағдайда, іс жүзіндегі баға бойынша тиісті төлем болып танылады да Компания үшін қосымша өтеуге жатпайды.

Невзирая на изложенное выше, Подрядчик освобождает и ограждает Компанию от ответственности по любым обязательствам или требованиям в отношении несоблюдения Подрядчиком налогового законодательства включая суммы налогов и сборов (в том числе налоги и корректировки, связанные с трансфертным ценообразованием), любые штрафы и пени, а также освобождает и ограждает Компанию от прав удержания имущества Компании, которые могут начисляться любым налоговым органом в связи с налогами и сборами, подлежащими уплате Подрядчиком, безотносительно любой небрежности, любых действий или бездействия со стороны Компании.

Жоғарыда айтылғандарға қарамастан, Орындаушы Компанияны өз тарапынан салық заңнамасын орындамауға байланысты кез келген міндеттемелерді немесе талаптарды орындаудан босатады және оқшаулайды, оның ішінде салық және жиын сомалары (трансферттік баға жасалуына байланысты салықтармен бірге), кез келген айыппұлдар пен өсімдермен қоса, сондай-ақ Орындаушы Компанияны өзі төлеуге тиісті салықтар мен жиындарға байланысты, Компания тарапынан қандай да болмасын жинақсыздыққа, оның кез келген әрекеттері немесе әрекетсіздігіне ешқандай қатыссыз, салықтық органдар есептей алатын Компания меншігінен ұстап қалу құқығынан босатады және оқшаулайды.

4.3.8. Подрядчик своевременно предпринимает все меры, необходимые для применения Компанией норм Соглашений об избежании двойного налогообложения и предотвращении уклонения от налогообложения доходов или имущества (капитала), включая предоставление достоверных документов, указанных в пункте 4.3.3. Договора, подтверждающих то, что Подрядчик является окончательным получателем дохода и является резидентом страны, с которой Республика Казахстан заключила соглашение об избежании двойного налогообложения. В случае если Налоговыми органами Республики Казахстан освобождение доходов Подрядчика от налогообложения или применение пониженной ставки налога на доходы будут признаны необоснованными, то Подрядчик обязуется возвратить Компании сумму налога на доходы, которая выплачена Компанией за Подрядчика в бюджет РК.

4.3.8. Компания екі жақтық салық салудың және табыстарды немесе мүлікті (капиталды) салық салудан жасырудың алдын алу туралы Келісім нормаларын қолдануы үшін Орындаушы қажет шараларды уақытында орындайды, Орындаушы табыстың соңғы алушысы болатынын және Қазақстан Республикасымен екі жақтық салық салудың алдын алу туралы Келісім жасаған мемлекеттің резиденті болуын растайтын, Келісімшарттың 4.3.3 т. аталған құжаттармен қоса. Қазақстан Республикасының салық органдары Орындаушының табыстарын салық салудан босату немесе табысына салықтың төмендетілген ставкасы қолданылуын негізсіз деп тапса, Орындаушы Компанияға Компания Орындаушы үшін ҚР бюджетіне төлеген табыс салығының сомасын қайтаруға міндеттенеді.

4.3.9. Подрядчик самостоятельно несет ответственность за выполнение всех требований применимого к Подрядчику законодательства в отношении налогов и сборов.

4.3.9. Орындаушы салық және жиындарға қатысты қолданылатын заңнама талаптарын орындауына жауапкершілікті өз бетінше артады.

4.3.10. В случае если Компания получает доход в форме штрафов, неустоек, пени, освобождаемый от обложения налогом у источника или подлежащий обложению налогом у источника выплаты по пониженной ставке в соответствии с положениями применимого соглашения об избежании двойного налогообложения, Компания предоставляет Подрядчику апостилированный сертификат резидентства, выданный уполномоченным органом Республики Казахстан, в течение 30 (тридцати) календарных дней с даты признания штрафа Подрядчиком или даты присуждения судом штрафа Подрядчику.

4.3.10. Компания айыппұлдар, тұрақсыздық төлемдері, өсімпұлдар түрінде төлеушіден салық салудан босатылған табыс алатын болса, немесе төлеушіден екі жақтық салық салудың алдын алу туралы келісім қолданылатын жағдайда оның ережелеріне сәйкес төмендетілген мөлшерлеме бойынша салық салынатын табыс алатын болса, Компания Мердігерге Мердігер айыппұлды мойындаған күннен немесе Мердігерге сот айыппұл тағайындаған күннен 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Қазақстан Республикасының уәкілетті салық органы берген резиденттігі туралы апостильденген сертификат ұсынады.

5. СОБЛЮДЕНИЕ НОРМ. ПОРЯДОК ПРОВЕДЕНИЯ РАБОТ

5.1. Подрядчик при исполнении Договора соблюдает сам и обеспечивает соблюдение своими работниками, агентами и субподрядчиками требований применимого к Договору права, регламентов Компании, в том числе «Кодекса Делового Поведения КТК», «Принципов хозяйственной деятельности КТК», правил, касающихся техники безопасности, охраны здоровья и окружающей среды.
Подрядчик подтверждает получение копий «Принципов хозяйственной деятельности КТК» и «Кодекса делового поведения КТК». Подрядчик соглашается с тем, что соблюдение Подрядчиком «Принципов хозяйственной деятельности КТК» при сотрудничестве с Компанией является обязательным требованием и неотъемлемым условием Договора и обязуется не нарушать ни одно из условий «Принципов хозяйственной деятельности КТК» при исполнении Договора.
Если Подрядчик предоставляет персонал, который будет представлять Компанию перед третьими лицами, Подрядчик также гарантирует, что такой персонал будет действовать в соответствии с «Кодексом делового поведения КТК».
Без ущерба для иных прав, предоставленных Компании, в случае нарушения Подрядчиком условий, указанных в настоящем пункте Договора, Компания вправе незамедлительно в одностороннем внесудебном порядке расторгнуть Договор, направив Подрядчику уведомление об этом в письменной форме.

5.2. Подрядчик обязуется предоставить весь необходимый персонал, оборудование, инструменты, предметы снабжения, помещения, материалы, транспорт и все прочие средства, необходимые для выполнения и завершения всех Работ по Договору, за исключением тех, которые предоставляет Компания. В случае предоставления Компанией материалов и оборудования, иных средств, необходимых для выполнения Работ, их перечень приводится в приложениях к Договору.

5.3. Подрядчик обязуется соблюдать требования применимого к Договору права в области охраны труда, промышленной безопасности и охраны окружающей среды, а также требования, определенные в приложении № 5 к Договору «Требования к подрядчикам в области охраны труда, промышленной безопасности и охраны окружающей среды».

5.4 Подрядчик самостоятельно, без дополнительных затрат для Компании приобретет все гарантии, разрешения, лицензии, согласования в соответствии с требованиями применимого к Договору права, необходимые для исполнения Договора. Если иное не указано в Договоре, все материалы и

5. НОРМАЛАРДЫ САҚТАУ. ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ

5.1. Мердігер Келісімшартты орындау барысында Қолданылатын құқық талаптарын, Компания регламенттерін, оның ішінде «КҚК Іскерлік әдеп кодексін», «КҚК шаруашылық қызметі принциптерін», қауіпсіздік техникасына, денсаулық және қоршаған ортаны қорғауға қатысты ережелерді өзі сақтайды және өз қызметкерлерінің, агенттерінің және қосалқы мердігерлерінің сақтауын қамтамасыз етеді.
Мердігер «КҚК Іскерлік әдеп кодексі» мен «КҚК шаруашылық қызметі принциптері» көшірмелерін алғанын растайды. Мердігер «КҚК шаруашылық қызметі принциптері» талаптарын сақтау Компаниямен ынтымақтасуда міндетті талап болып табылатынына және осы Келісімшарттың маңызды шарты болып танылатынына келіседі және осы Келісімшартты орындауда КҚК коммерциялық қызметі принциптері.

Егер Мердігер Компания атынан үшінші тарап алдында өкілдік ететін персонал беретін болса, Мердігер оның да «КҚК Іскерлік әдеп кодексіне» сәйкес әрекет етуін кепілдейді.

Компанияға берілген басқа құқықтарды шегермей, Мердігер Келісімшарттың осы тармақшасында аталған шарттарды бұзған жағдайда Компания Келісімшартты жедел біржақты сот қатысуысыз бұзуға құқылы, Мердігерге ол туралы жазбаша түрде хабарлама беріледі.

5.2. Компания өз шешімі бойынша беретін заттардан басқа осы Келісімшарт бойынша орындалатын жұмыстар мен қызметті аяғына дейін жеткізу үшін барлық қажет болатын персоналды, Жабдықтарды, аспаптарды, бөлмелерді, материалдарды, көлікті және басқа барлық қажет құралдарды Мердігер өзі береді. Компания Жұмыс орындау үшін қажет Материалдар мен Жабдықтар берсе, олардың тізімі Келісімшарт Қосымшаларында келтіріледі.

5.3. Мердігер еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Қолданылатын құқық талаптарын, сондай-ақ Келісімшарттың «Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласы бойынша Мердігерлерге қойылатын талаптар» № 5 қосымшасында анықталған талаптарды сақтауға міндеттенеді.

5.4. Мердігер өз бетімен, Компания үшін қосымша шығынсыз осы Келісімшартты орындау үшін Қолданылатын құқық талаптарына сай қажет болатын барлық кепілдеме, рұқсаттама, лицензия, келісулерді алады. Келісімшартта басқаша көрсетілмесе, барлық Материалдар мен

оборудование, используемые при выполнении Работ, должны быть новыми, а их качество и количество должны соответствовать требованиям и целям Договора.

5.5. Подрядчик имеет право использовать для целей Договора субподрядчиков, подлежащих предварительному письменному утверждению Компанией, без каких-либо дополнительных затрат для Компании. При этом Подрядчик обязуется представить Компании копии всех лицензий, иных разрешений субподрядчиков, требуемых в соответствии с применимым к Договору правом для выполнения Работ по Договору. Подрядчик несет ответственность перед Компанией за действия субподрядчиков.

6. КОНТАКТНЫЕ ЛИЦА СТОРОН

6.1. Стороны назначают следующих контактных лиц для координации и согласования хода выполнения Работ:

Контактное лицо со стороны Компании:

Ф.И.О.
Тел.:
Факс:
Эл.почта:

Контактное лицо со стороны Подрядчика:

Ф.И.О.
Тел.:
Моб:
Эл.почта:

В случае замены своего контактного лица, соответствующая Сторона незамедлительно письменно уведомляет другую Сторону о такой замене с указанием Ф.И.О. своего нового контактного лица, контактных данных и объеме полномочий.

6.2. Компания имеет право по собственному усмотрению осуществлять контроль и надзор за ходом и качеством выполнения Работ, если, по мнению Компании, это необходимо для обеспечения необходимых Компании результатов. Компания также вправе заключить договор с третьими лицами в целях осуществления контроля и надзора за ходом Работ. При этом Подрядчик следует указаниям такого третьего лица, как если бы это были указания самой Компании.

6.3. Непроведение Компанией надзора или невыявление дефектов в Работах в процессе их выполнения, в материалах или оборудовании,

Жабдықтар жаңа, олардың сапасы мен саны Келісімшарттың мақсатына сәйкес болуға тиіс. Мердігер материалдарды тиімді және есеппен жұмсайды.

5.5. Мердігер осы Келісімшарт мақсаттарын орындау үшін қосалқы мердігерлерді пайдалануға құқылы, оларды Компания алдын ала жазбаша бекітуге тиіс, ол үшін Компания қосымша шығынданбайды. Бұл жағдайда Мердігер Келісімшарттағы Жұмыстарды орындау үшін Қолданылатын құқыққа сәйкес талап етілетін барлық лицензиялардың, қосалқы мердігерлердің өзге рұқсаттамаларының көшірмелерін Компанияға ұсынуға міндеттенеді. Мердігер қосалқы мердігерлердің әрекеттері үшін Компания алдында жауапты болады.

6. ТАРАПТАРДЫҢ БАЙЛАНЫСТАҒЫ ТҰЛҒАЛАРЫ

6.1. Тараптар Жұмыстарды орындау барысын үйлестіру және келістіру үшін келесі байланыстағы тұлғаларды тағайындайды.

Компанияның байланыстағы тұлғасы:

Аты-жөні:
Тел.:
Факс:
Эл.пошта:

Мердігердің байланыстағы тұлғасы:

Аты-жөні:
Тел.:
Моб:
Эл.пошта:
Эл.пошта:

Өз байланыстағы тұлғасын ауыстырған жағдайда тиісті Тарап кешікпей екінші Тарапқа бұл жөнінде жазбаша түрде хабарлама беріп, жаңа байланыстағы тұлғасының аты-жөнін, байланыс деректері мен уәкілеттілігінің көлемін хабарлайды.

6.2. Компания өз еркімен Жұмыстар орындалуының барысы мен сапасын бақылауға және қадағалауға құқылы, егер, Компанияның ойынша, ол Компания көздеген нәтижені қамтамасыз ету үшін қажет болса. Сондай-ақ Компания Жұмыстар орындалуының барысын бақылау мен қадағалау мақсатында үшінші тараппен тәуелсіз шарт жасасуға құқылы. Бұл жағдайда Мердігер ондай үшінші тараптың нұқамасын Компанияның нұсқамасындай етіп орындайды.

6.3. Компанияның Жұмысты қадағаламауы немесе орындалуы барысының, Материалының немесе Жабдықтарының кемшіліктерін

используемых при выполнении Работ, не освобождают Подрядчика от какой-либо ответственности за такие дефекты и недостатки. Оплата Компанией Работ по Договору не означает её согласия с дефектами.

анықтамауы Мердігерді жауапкершіліктен босатпайды. Компанияның Келісімшарт бойынша төлем жасауы кемшіліктермен келісу немесе оларды қабылдау болып табылмайды.

7. ДОКУМЕНТАЦИЯ И ПРОВЕРКА

7.1. В порядке и по формам, установленным применимым к Договору правом, приложениями к Договору, Подрядчик обязан подготовить и поддерживать в обновленном виде полный комплект исполнительной документации. Исполнительная документация, а также копии планов, графиков, иной документации, необходимой в ходе выполнения Работ, должны быть доступны представителю Компании в любое время при выполнении Работ.

7.2. Подрядчик будет сохранять документацию, относящуюся к Договору, не менее 5 (пяти) лет после завершения (прекращения) Договора.

7.3. Компания в любое время, но не позднее 5 (пяти) лет после завершения (прекращения) Договора имеет право проводить проверки Подрядчика по соблюдению условий Договора, проверять всю документацию и счета, относящиеся к выполнению Договора, а также копировать любые документы и отчеты. Подрядчик обязан предоставить всю такую документацию и отчетность уполномоченным представителям Компании.

7.4. Стороны совместно и добросовестно рассмотрят результаты проверки и примут все необходимые меры по устранению замечаний, выполнению рекомендаций проверки в согласованные сроки.

Если по результатам такой проверки выявлены нарушение(я) условий Договора, в результате которых Компания оплатила Подрядчику излишние денежные средства, то Подрядчик в согласованные сроки обязуется вернуть такую сумму Компании или зачесть ее в счет предстоящих платежей.

7. ҚҰЖАТТАМА және ТЕКСЕРУ

7.1. Қолданылатын құқық бойынша, Келісімшарт Қосымшаларындағы тәртіп пен үлгілерге сай Мердігер Орындау құжаттамасын дайындап, жаңартылған қалпында ұстауға міндетті. Орындау құжаттамасы, жоспарлардың, кестелердің, Жұмыс орындау барысында қажет болатын басқа құжаттама көшірмелері Компания өкілі үшін кез келген уақытта қолжетімді болуға тиіс.

7.2. Мердігер осы Келісімшартқа қатысты құжаттаманы Келісімшарт аяқталғаннан (тоқтатылғаннан) кейін кемінде 5 жыл сақтайды.

7.3. Компания кез келген уақытта, бірақ Келісімшарт аяқталғаннан (тоқтатылғаннан) соңғы 5 жылға дейін, Мердігердің осы Келісімшарттың шарттарын орындауын, осы Келісімшартты орындауға қатысты барлық құжаттама мен шоттарды тексеруге, кез келген құжаттар мен есептердің көшірмесін түсіруге құқылы. Мердігер осындай құжаттаманы және есептілікті Компанияға толық беруге міндетті.

7.4. Тараптар бірігіп адал ниетпен тексерудің қорытындыларын қарап, келісілген мерзімде тексеру бойынша ескертпелерді жою және берілген ұсыныстарды орындау үшін барлық қажет шараларды қабылдайды.
Егер осындай тексеру нәтижесінде Келісімшарттың шарттары бұзылғаны, олардың салдарынан Компания Мердігерге артық қаржы төлеген болса, Мердігер келісілген мерзім ішінде ондай соманы Компанияға қайтаруға немесе оны келешек төлемдер есебіне есептеуге міндеттенеді.

8. ИЗМЕНЕНИЯ

8.1. Компания оставляет за собой право вносить любые изменения в первоначальный объем Работ, технические условия по ходу выполнения Работ. В случае внесения изменений, влияющих на стоимость и сроки выполнения Работ, Стороны заключают соответствующее дополнительное соглашение к Договору.

8.2. В случае возникновения необходимости в проведении дополнительных работ, не предусмотренных наряд-заказом, требующих увеличения цены наряд-заказа, Подрядчик в течение 5 (пяти) календарных дней с момента выявления необходимости проведения дополнительных работ обязан письменно уведомить об этом Компанию и направить расчет стоимости дополнительных работ.

8. ӨЗГЕРІСТЕР

8.1. Компания Жұмыстардың бастапқы көлемі мен техникалық шарттарға өзгертулер енгізу құқығын өзіне қалдырады. Жұмыстардың бағасына және орындау мерзіміне әсер ететін өзгертулер енгізілген жағдайда Тараптар Келісімшартқа Қосымша келісім жасайды.

8.2. Келісімшарт бағасын ұлғайтуды талап ететін Қосымша жұмыстар жүргізу қажет болған жағдайда Мердігер Қосымша жұмыстар жүргізу қажеттілігі анықталғаннан 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде Компанияға ол туралы жазбаша хабарлама беріп, Қосымша жұмыстардың бағасын жолдауға міндетті.

Компания в течение 10 (десяти) календарных дней с даты получения уведомления Подрядчика направит Подрядчику письменное уведомление о своём согласии или несогласии с проведением дополнительных работ и увеличением цены наряд-заказа.

Компания Мердігердің жазбаша хабарламасын алғаннан 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Мердігерге өзінің Қосымша жұмыс жүргізуге келісім беруі/бермеуі туралы жазбаша хабарлайды.

8.3. Дополнительные работы, выполненные Подрядчиком без получения согласия Компании в порядке, предусмотренном пунктом 8.2. Договора, оплачиваются Компанией в рамках первоначальной цены Наряд-заказа.

8.3 Компанияға Келісімшарт бағасын ұлғайту қажеттілігі жөнінде Келісімшарттың 8.2 т. қарастырылған тәртіппен хабарламай Қосымша жұмыстарды Компанияның келісімісіз жүргізген Мердігер Қосымша жұмыстарды Наряд-тапсырыстың бағасы шегінде орындауға міндетті.

8.4. При согласии Компании на выполнение дополнительных работ Стороны заключают соответствующее дополнительное соглашение к наряд-заказу.
В случае несогласия с увеличением цены наряд-заказа, Компания вправе отказаться от исполнения наряд-заказа в одностороннем внесудебном порядке либо выполнить дополнительные работы самостоятельно (силами третьих лиц).

8.4. Компания Қосымша жұмыс жүргізуге келіссе Тараптар Келісімшартқа Қосымша келісім жасайды.

Қосымша жұмыс жүргізуге келіспесе, Компания жеке өз тарапынан соттан тыс Келісімшарттан бас тартуға немесе Қосымша жұмыстарды өз бетімен (үшінші тарап күшімен) орындауға құқылы.

9. СДАЧА-ПРИЕМКА РАБОТ. РАСПРЕДЕЛЕНИЕ РИСКОВ

9. ЖҰМЫСТЫ ҚАБЫЛДАУ. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БӨЛІСУ

9.1. Сдача - приемка выполненных по Наряд-заказу Работ осуществляется по окончании по каждому из этапов или под-этапов, предусмотренных Наряд-заказом.

9.1. Наряд-тапсырыс бойынша орындалған Жұмыстарды тапсыру-қабылдау Наряд-тапсырыста көзделген әр кезең немесе кезеңше бойынша орындау аяқталғанда жүргізіледі.

9.2. Подрядчик в течение 5 (пяти) рабочих дней после завершения Работ письменно уведомляет Компанию о готовности Работ к приемке и направляет акт о приемке выполненных работ в 2 (двух) экземплярах, подписанный со своей стороны.

9.2. Мердігер Жұмыстар аяқталғаннан соң 5 (бес) жұмыс күні ішінде Компанияға Жұмыстардың қабылдауға дайындығы жалғанған үлгі бойынша ресімделген Орындалған жұмыстарды тапсыру-қабылдау актісінің өз тарапынан қол қойылған 2 (екі) данасын жолдайды.

Компания в течение 10 (десяти) рабочих дней с даты получения от Подрядчика акта о приемке выполненных работ осуществляет приемку выполненных Работ. В случае отсутствия претензий к качеству, объему Работ, Компания направляет Подрядчику подписанный Компанией 1 (один) экземпляр акта о приемке выполненных работ в срок, установленный настоящим пунктом.

Компания Мердігерден Орындалған жұмыстарды тапсыру-қабылдау актісін алған күннен 10 (он) жұмыс күні ішінде орындалған Жұмыстарды қабылдауды жүргізеді. Сапа бойынша арыз-талаптары болмаса, Компания қол қойылған Орындалған жұмыстарды тапсыру-қабылдау актісінің 1 (бір) данасын осы тармақта белгіленген мерзімде Мердігерге жолдайды.

9.3. В случае обнаружения в выполненных Работах какого-либо дефекта (дефектов), Компания не обязана подписывать акт о приемке выполненных работ, но обязана в течение 10 (десяти) рабочих дней с даты его получения направить Подрядчику соответствующее уведомление с обоснованием причин отказа от подписания и указанием дефектов. Подрядчик обязан в срок, установленный Компанией, за свой счет устранить любые такие дефекты и повторно предъявить выполненные Работы к приемке в порядке, предусмотренном настоящим разделом Договора.

9.3. Орындалған Жұмыстарда қандай болмасын ақаулық анықталса, Компания Орындалған Жұмыстарды тапсыру-қабылдау актісіне немесе Құрылысы аяқталған нысанды қабылдау актісіне қол қоюға міндетті емес, бірақ оны алғаннан 10 (он) жұмыс күні ішінде Мердігерге қол қоюдан бас тартуын негіздеп, ақаулықтарды көрсетіп, тиісті хабарлама жолдауға міндетті. Мердігер Компания белгілеген мрезімде өз есебінен ондай ақаулықтарды жоюға және орындалған Жұмыстарды қайталап Келісімшарттың осы тармағындағы тәртіппен қабылдауға ұсынуға міндетті.

9.4. Если отступления в Работах от условий Договора

9.4. Егер де Жұмыстардағы ауытқулар немесе

или иные недостатки результата Работ в установленный Компанией срок не были устранены либо являются существенными и неустранимыми, Компания вправе отказаться от исполнения Договора и потребовать от Подрядчика возмещения причиненных убытков.

9.5. До приемки Компанией результата выполненных Работ и подписания Сторонами окончательного акта о приемке выполненных Работ Подрядчик несет все риски утраты и отвечает за порчу оборудования и материалов, в том числе предоставленных Компанией, независимо от того, когда и каким образом причиняется такой ущерб или производится такая порча. Компания не обязана компенсировать Подрядчику любые такие убытки. Дата подписания Сторонами окончательного акта о приемке выполненных Работ определяет момент перехода к Компании обязанностей по содержанию результата выполненных Работ, а также рисков случайной гибели и/или случайного повреждения результата выполненных Работ.

Жұмыстардың нәтижесіндегі кемшіліктер Компания белгілеген мрезімде жойылмаса, немесе маңызды және түзетуге келмейтін болса, Компания Келісімшартты орындаудан бас тартуға және Мердігерден келтірілген шығындарды қайтаруды талап етуге құқылы.

9.5. Тараптар Құрылысы аяқталған нысанды қабылдау актісіне қол қоюына дейін Мердігер жойылып кету тәуекелдерін өзі көтереді және Жабдықтар мен Материалдардың, Компания бергендермен қоса, бүлінуіне жауапты, шығын қашан және қалай келтірілгеніне немесе бүлінгеніне қатыссыз. Компания Мердігерге ондай шығындарды өтеуге міндетті болмайды. Құрылысы аяқталған нысанды қабылдау актісіне Тараптар қол қойған күні орындалған Жұмыстар нәтижесін сақтау міндеттері, сондай-ақ орындалған Жұмыстар нәтижесі байқаусызда жойылып кетуі немесе бүлінуі тәуекелі Компанияға ауысады.

10. СТРАХОВАНИЕ

10.1. Подрядчик оформляет страхование, указанное в приложении № 6 к Договору «Требования к страхованию Подрядчика», под каждый отдельный оформленный и подписанный сторонами Наряд-заказ и представляет Компании подтверждение такого страхования до начала оказания Услуг на объектах Компании.

10. САҚТАНДЫРУ

10.1. Компания объектілерінде Қызмет көрсету басталуына дейін Мердігер «Мердігердің сақтандырылуына қойылатын талаптар» Келісімшарттың № 6 Қосымшасында көрсетілген сақтандыруды ресімдейді және Компанияға ондай сақтандырудың расталуын ұсынады.

11. ГАРАНТИЙНЫЙ СРОК

11.1. Гарантийный срок на Результат Работ по Договору составляет 36 (тридцать шесть) месяцев с даты окончательного утверждения Акта сдачи - приемки результата работ Компанией в соответствии с Применимым правом.

11.2. Если в процессе эксплуатации результата Работ в течение гарантийного срока обнаружатся недостатки, которые не позволят эксплуатацию результата Работ в соответствии с его назначением, то гарантийный срок продлевается на период устранения недостатков.

11.3. При обнаружении дефектов в течение гарантийного срока Компания письменно извещает Подрядчика об обнаружении дефектов с указанием сроков прибытия представителей Подрядчика для осмотра выявленных дефектов и подписания акта о выявленных дефектах.
Стороны подписывают акт о выявленных дефектах, в котором фиксируется обнаружение дефекта и дата его устранения. Подрядчик обязан устранить любой такой дефект своими силами и за свой счет в срок, указанный в акте о выявленных дефектах. В случае неприбытия представителей Подрядчика в определенный в извещении Компании срок, Компания составляет односторонний акт о

11. КЕПІЛДІ МЕРЗІМ

3.3. Келісімшарт жасасқанда Компания Мердігерге Компанияның қолданатын ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ талаптары, Компания енгізген еңбекті қорғауды және өнеркәсіптегі қауіпсіздікті және қоршаған ортаны қорғауды басқару жүйесі туралы ақпарат (Компанияның ішкі норматив актілерінің – стандарттарының, ІБҚ, нұсқаулықтарының көшірмелері орналасқан жерге сілтеме жолдайды) береді. Мердігердің қызметкерлері объектіге кіруге рұқсат алмас бұрын Компанияның ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ бөлімшесінде ұзақтығы кемінде 16 сағаттық қосымша нұсқаудан және Компанияның ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ бойынша ішкі норматив актілерінің негізгі талаптары туралы білімін тексеруден өтуге міндетті.	3.3. При заключении Договора Компания информирует (направляет ссылку, где размещаются копии внутренних нормативных актов Компании – стандартов, ВРД, инструкций и др.) Подрядчика о действующих в Компании требованиях в области ОТ, ПБ и ООС, о внедренной в Компании системе управления охраной труда, промышленной безопасностью и охраной окружающей среды. Работники Подрядчика обязаны пройти дополнительные инструктажи продолжительностью не менее 16 часов и проверку знаний ключевых требований внутренних нормативных актов Компании по ОТ, ПБ и ООС перед получением допуска на объект в подразделении ОТ, ПБ и ООС Компании.

3.4. МЕРДІГЕР КОМПАНИЯНЫҢ ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы жергілікті нормативтік актілер талаптарын орындауға міндеттенеді немесе өзінің пара-пар талаптарды қолдануының дәлелдерін ұсынады. КОМПАНИЯ төмендегілерді жасай алу үшін МЕРДІГЕР КОМПАНИЯНЫҢ сұрауы бойынша КОМПАНИЯНЫҢ уәкілетті өкілдеріне КЕЛІСІМШАРТТАҒЫ Жұмысты орындағанда қолданылатын кез келген жабдықтарды, МЕРДІГЕРДІҢ көлік құралдарын, қызметкерлерін, материалдар мен құжаттаманы тексеру үшін рұқсат береді:	3.4. ПОДРЯДЧИК обязуется выполнять требования локальных нормативных актов КОМПАНИИ в области ОТ, ПБ и ООС либо предъявляет доказательства применения равнозначных требований ПОДРЯДЧИКА. ПОДРЯДЧИК по запросу КОМПАНИИ обеспечивает уполномоченным представителям КОМПАНИИ доступ к любому оборудованию, используемому при выполнении Работ по Договору, транспортным средствам, работникам ПОДРЯДЧИКА, материалам и документации для инспектирования с тем, чтобы КОМПАНИЯ могла:
• МЕРДІГЕР КОМПАНИЯНЫҢ талаптарын, ҚР ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы заңнамасын орындауына көз жеткізуі үшін;	• убедиться в соблюдении ПОДРЯДЧИКОМ требований КОМПАНИИ, законодательства РК в области ОТ, ПБ и ООС;
• қажет болған жағдайда КОМПАНИЯНЫҢ объектілерінде Келісімшарттағы Жұмысты орындауға байланысты орын алған кез келген апатты және/немесе оқиғаны тәуелсіз тергеу үшін.	• провести при необходимости независимое расследование любой аварии и/или инцидента, произошедших в связи с выполнением Работ по договору на объектах КОМПАНИИ.
3.5 МЕРДІГЕР МЕРДІГЕРДІҢ/ҚОСАЛҚЫ МЕРДІГЕРЛЕРДІҢ қызметкерлері үшін, МЕРДІГЕР Жұмысты орындағанда қолданатын барлық жабдықтар үшін өрт қауіпсіздігі, электр қауіпсіздігі, ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ тұрғысынан жеке өзі жауапты болады, сондай-ақ МЕРДІГЕР қызметкерлерінің өрт қауіпсіздігі сұрақтары, электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік ережелері, ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ мәселелері, сондай-ақ Жұмысты қауіпсіз орындау әдістері бойынша қажет біліктілігі және дайындығын қамтамасыз ету үшін жеке өзі жауапты.	3.5. ПОДРЯДЧИК несет единоличную ответственность за работников ПОДРЯДЧИКА/ СУБПОДРЯДЧИКА и все оборудование, используемое ПОДРЯДЧИКОМ при выполнении Работ, с точки зрения пожарной безопасности, электробезопасности, ОТ, ПБ и ООС, а также единоличную ответственность за обеспечение компетенции и обучение работников ПОДРЯДЧИКА по вопросам пожарной безопасности, правил безопасности при эксплуатации электроустановок, вопросам ОТ, ПБ и ООС, а также по безопасным методам выполнения Работ.
3.6. МЕРДІГЕР КОМПАНИЯНЫҢ кез келген аумағында жұмыс орындауға тікелей қатысы жоқ (егер келісімшартта немесе басқа жазбаша келісімде өзге ескерту болмаса) тұлғалардың, көлік құралдарының, агрегаттарының, жабдықтарының болуына жол бермеуге міндеттенеді.	3.6. ПОДРЯДЧИК обязуется не допускать присутствие лиц, транспортных средств, агрегатов, оборудования, не связанных с непосредственным выполнением работ (если иное не оговорено договором, либо другим письменным соглашением) на любых территориях КОМПАНИИ.
3.7. Осы Қосымшаның 2.2 т. Белгіленген мерзімде МЕРДІГЕР өз қызметі және өз ҚОСАЛҚЫ МЕРДІГЕРЛЕРІНІҢ қызметі аясында ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ аудиттерін және тексерістерін өткізу кестесін әзірлеп, енгізуі және кесетенің көшірмесін КОМПАНИЯҒА МЕРДІГЕРДІҢ ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жоспары құрамында табыстауы тиіс. Тексеріс өткізу кестесінде орындалатын жұмыс көлемінің қатер деңгейі ескеріліп, МЕРДІГЕРДІҢ және КОМПАНИЯ өкілдерінің қатысуымен бірлескен тексерістерін қамтуы тиіс.	3.7. В срок, установленный п.2.2. настоящего Приложения, ПОДРЯДЧИК должен разработать и внедрить график проведения аудитов и проверок ОТ, ПБ и ООС в рамках своей деятельности и деятельности своих СУБПОДРЯДЧИКОВ и предоставлять копию графика КОМПАНИИ в составе Плана ОТ, ПБ и ООС ПОДРЯДЧИКА. График проведения проверок должен учитывать уровень риска выполняемого объема работ и включать совместные проверки с участием руководства ПОДРЯДЧИКА и представителей КОМПАНИИ.
3.8 МЕРДІГЕРДІҢ басшылығы қызметкерлерді ынталандыру және Қауіпсіз Өндіріс Мәдениетінің деңгейін үздіксіз дамыту мақсатында қызметкерлердің қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге және ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ талаптарын сақтауға қосқан жеке және ұжымдық үлесін көрнекі түрде атап өтіп, мадақтауы қажет.	3.8. Руководству ПОДРЯДЧИКА необходимо наглядно отмечать и поощрять индивидуальный и коллективный вклад работников в обеспечение безопасных условий труда и соблюдение требований ОТ, ПБ и ООС с целью стимулирования работников и постоянного развития уровня Культуры Безопасного Производства.

4. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ АЛДЫН АЛА ЖӘНЕ МЕРЗІМДІ ТЕКСЕРУДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ. МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ	4. ОБЕСПЕЧЕНИЕ ПРОВЕДЕНИЯ ПРЕДВАРИТЕЛЬНЫХ И ПЕРИОДИЧЕСКИХ ОСМОТРОВ РАБОТНИКОВ. МЕДИЦИНСКОЕ ОБСЛУЖИВАНИЕ
4.1. МЕРДІГЕР КОМПАНИЯ алдындағы МЕРДІГЕРДІҢ келісімшарттық міндеттемелерін орындау аясында Жұмыс орындауға тартылған өз қызметкерлеріне (соның ішінде КОМПАНИЯНЫҢ объектілеріндегі және одан тыс) міндетті медициналық тексерусіз және міндетті психиатриялық куәландырусыз (қолданыстағы ҚР заңнамасында талап етілсе) еңбек міндеттерін орындауға рұқсат берілмеуін қамтамасыз етуі тиіс. МЕРДІГЕР қызметкерлері денсаулығының КОМПАНИЯ объектілерінде жүктелген жұмысқа сәйкестігі және кәсіби жарамдылығы ҚР заңнамасына сәйкес расталады. Аталған мақсатта КОМПАНИЯ МЕРДІГЕРДЕН міндетті медициналық тексеруден және міндетті психиатриялық куәландырудан өтуі тиіс МЕРДІГЕРДІҢ қызметкерлері туралы мәлімет пен тізімін қамтитын құжаттардың көшірмелерін, сондай-ақ куәландыруды растайтын құжаттардың көшірмелерін талап етуге құқылы. МЕРДІГЕРДІҢ қызметкері сондай куәландырудан өтуі тиіс болса, Келісімшарт (жұмыс орындарының құрылуымен) бойынша Жұмыс орындау мақсатында КОМПАНИЯНЫҢ объектісінде тұрақты болу үшін ол жаққа кіруіне КОМПАНИЯ МЕРДІГЕРДЕН қызметкердің міндетті медициналық тексеруден және/немесе міндетті психиатриялық куәландырудан өткені және оның қорытындысы бойынша ол Келісімшарттағы Жұмысты орындауға жарамды болып танылғаны жөнінде растау алғанда жол беріледі. КОМПАНИЯ МЕРДІГЕРДІ қызметкерлерінің ауысым алдындағы, ауысымнан кейінгі және/немесе вахта алдындағы медициналық тексеруден тікелей ауысым және/немесе вахта алдында КОМПАНИЯНЫҢ тиісті объектісіндегі медициналық пунктінде толық немесе ішінара өтуін қамтамасыз етуге міндеттей алады. Осы 4.1 тармақта баяндалған талаптар МЕРДІГЕР КОМПАНИЯ алдында келісімшарттық міндеттемелерін орындау аясында Жұмыс орындауға тартқан ҚОСАЛҚЫ МЕРДІГЕРЛЕРДІҢ барлық қызметкерлеріне қатысты бірдей қолданылады.	4.1. ПОДРЯДЧИК должен обеспечить недопущение своих работников (включая как находящихся на объектах КОМПАНИИ, так и не находящихся на них), вовлеченных в выполнение Работ в рамках исполнения договорных обязательств ПОДРЯДЧИКА перед КОМПАНИЕЙ к исполнению ими трудовых обязанностей без прохождения обязательных медицинских осмотров и обязательных психиатрических освидетельствований (в случае, если действующее законодательство РК требует такого прохождения). Соответствие состояния здоровья работников ПОДРЯДЧИКА поручаемой ему работе на объектах КОМПАНИИ и профессиональная пригодность подтверждается в соответствии с законодательством РК. В указанных целях КОМПАНИЯ имеет право требовать предоставления ПОДРЯДЧИКОМ копий документов, содержащих сведения о перечне работников ПОДРЯДЧИКА, подлежащих прохождению обязательных медицинских осмотров и обязательных психиатрических освидетельствований, а также копии документов, подтверждающих освидетельствование. В случае, если работник ПОДРЯДЧИКА подлежит такому освидетельствованию, прибытие его на объект КОМПАНИИ для постоянного нахождения на нем в целях выполнения Работ по Договору (с созданием рабочих мест) допускается после получения КОМПАНИЕЙ подтверждения от ПОДРЯДЧИКА, что обязательный медицинский осмотр и/или обязательное психиатрическое освидетельствование таким работником пройден (-о), и по его итогам он признан годным к выполнению Работ по Договору. КОМПАНИЯ может обязать ПОДРЯДЧИКА обеспечить прохождение работниками ПОДРЯДЧИКА предсменных, послесменных и/или предвахтовых медицинских осмотров непосредственно перед сменой и/или вахтой в медицинском пункте соответствующего объекта КОМПАНИИ, полностью или выборочно. Требования, изложенные в настоящем пункте 4.1, равным образом распространяются на всех работников СУБПОДРЯДЧИКОВ, привлеченных ПОДРЯДЧИКОМ к выполнению Работ в рамках исполнения ПОДРЯДЧИКОМ договорных обязательств перед КОМПАНИЕЙ.
4.2. МЕРДІГЕР МЕРДІГЕРДІҢ және ҚОСАЛҚЫ МЕРДІГЕРДІҢ қызметкерлеріне Жұмыс орындау орындарында медициналық қызмет көрсетілуін қамтамасыз етуге тиіс, оның көлемі МЕРДІГЕР қызметкерлерінің санына, емдеу орнының қашықтығына және МЕРДІГЕРДІҢ қызметіне байланысты қатерлерге сәйкес анықталады, атап айтқанда:	4.2. ПОДРЯДЧИК должен обеспечить медицинское обслуживание работников ПОДРЯДЧИКА и СУБПОДРЯДЧИКА в местах выполнения Работ, объем которого определяется численностью работников ПОДРЯДЧИКА, удаленностью от лечебного учреждения и рисками, связанными с деятельностью ПОДРЯДЧИКА, а именно:

1) МЕРДІГЕРДІҢ Жұмыс орындау орнындағы әр 20 қызметкерінің кем дегенде біреуі алғашқы көмек көрсету дағдыларын білуі, арнайы мекемеде оқыған туралы тиісті сертификаты болуы тиіс;	1) как минимум один работник ПОДРЯДЧИКА из каждых 20, присутствующих в месте выполнения Работ, должен быть обучен навыкам оказания первой помощи, о чем у такого работника должен иметься соответствующий сертификат о прохождении обучения в специализированной организации;
2) МЕРДІГЕРДІҢ Жұмыс орындау орнындағы қызметкерлер саны 100 адамнан асқанда МЕРДІГЕР медициналық бөлме ұйымдастыруға міндетті, оның сипаттамасы туралы МЕРДІГЕР КОМПАНИЯМЕН келіседі. Жұмыс орындау орны Компанияның объектісінде немесе оның төңірегінде болса, медициналық қызметті көрсету КОМПАНИЯ тарапынан ұйымдастырылуы туралы келісім болуы мүмкін, бұнда КОМПАНИЯНЫҢ сондай медициналық қызметті көрсетуге дайындығын анықтау МЕРДІГЕРДІҢ міндеті;	2) при численности работников ПОДРЯДЧИКА в месте выполнения Работ свыше 100 чел. ПОДРЯДЧИК обязан организовать медицинский пункт с характеристиками, определяемыми Подрядчиком по согласованию с КОМПАНИЕЙ. В случае, если место выполнения Работ находится на объекте Компании или в непосредственной близости от него, возможна договоренность о предоставлении медицинского обслуживания со стороны КОМПАНИИ, при этом уточнение готовности КОМПАНИИ такое обслуживание предоставить является обязанностью ПОДРЯДЧИКА;
3) Жұмыс орындау орны орналасқан аумақтағы өңірлік (ҚР облыстарында) емдеу мекемелерінде мамандандырылған медициналық көмек көрсетілуін қамтамасыз ету (міндетті медициналық сақтандыру шарты арқылы немесе тиісті медициналық мекеме(лер)мен мемлекеттік денсаулық сақтау жүйесі аясында тікелей шарт жасасу арқылы), сондай-ақ ондай талапты ҚОСАЛҚЫ МЕРДІГЕРЛЕР орындауын бақылау;	3) обеспечить оказание специализированной медицинской помощи в лечебных учреждениях региона (субъекта РК), на территории которого находится место выполнения Работ (в системе обязательного медицинского страхования, посредством договора добровольного медицинского страхования или заключения прямого договора (договоров) с соответствующим медицинским учреждением (-ями)), а также контролировать выполнение данного требования своими СУБПОДРЯДЧИКАМИ;
4) МЕРДІГЕРДІҢ өкілі КОМПАНИЯНЫҢ объектісінде келісімшарттық міндеттемелерін орындау аясында бір рет кіру мақсатында болса, оған қажет болғанда медициналық көмек КОМПАНИЯ тарапынан көрсетілуі мүмкін.	4) В случае, если представитель ПОДРЯДЧИКА находится на объекте КОМПАНИИ с целью разового посещения в рамках выполнения договорных обязательств, в случае необходимости, медицинская помощь ему может быть оказана со стороны КОМПАНИИ.
5. ЕҚ, ӨҚ Ж/Е ҚОҚ САЛАСЫНДАҒЫ ТАЛАПТАРДЫ САҚТАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗ ЖҰМЫС ЖАҒДАЙЛАРЫ	**5. СОБЛЮДЕНИЕ ТРЕБОВАНИЙ В ОБЛАСТИ ОТ, ПБ И ООС И БЕЗОПАСНЫЕ УСЛОВИЯ РАБОТЫ**
5.1 Жұмыс басталмас бұрын КОМПАНИЯ МЕРДІГЕРДІҢ ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ мәселелері бойынша мобилизация алдындағы аудит өткізеді. МЕРДІГЕРДІҢ қызметкерлері КОМПАНИЯНЫҢ объектілеріне КОМПАНИЯ өткізетін еңбекті қорғау, өнеркәсіптегі қауіпсіздік және өрт қауіпсіздігі бойынша кіріспе нұсқаудан, КОМПАНИЯНЫҢ ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ бойынша ішкі нормативтік құжаттарының негізгі талаптары туралы білімін тексеруден өткенде ғана кіруге рұқсат алады. 5.11 т. аталған МЕРДІГЕРДІҢ ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы біліктілігін, жауапкершілігін растайтын барлық қажет құжаттар берілмей қызметкерлерге кіріспе нұсқауға кіруге рұқсат жоқ. Жоғарыда аталған нұсқауды өткізбей және тиісті құжаттарды толық көлемде бермей, сондай-ақ ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ бойынша мобилизация алдындағы аудиттің	5.1 До начала работ КОМПАНИЯ проводит предмобилизационный аудит по вопросам ОТ, ПБ и ООС ПОДРЯДЧИКА. Работники ПОДРЯДЧИКА допускаются на объекты КОМПАНИИ только после прохождения вводного инструктажа по охране труда, промышленной и пожарной безопасности, проводимого КОМПАНИЕЙ, проверки знаний ключевых требований внутренних нормативных документов КОМПАНИИ по ОТ, ПБ и ООС. Без предоставления всех необходимых документов, указанных в п. 5.11., подтверждающих квалификацию, ответственность в области ОТ, ПБ и ООС ПОДРЯДЧИКА, работники не допускаются к прохождению вводного инструктажа. Без проведения вышеуказанного инструктажа и предоставления соответствующих документов в полном объеме, а также при

КОМПАНИЯНЫҢ ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ бойынша ішкі нормативтік құжаттарының негізгі талаптары туралы білімді тексеру нәтижелері қанағаттанарлық болмаса, КОМПАНИЯНЫҢ объектілерінде қызметкерлердің, автокөліктердің және арнайы техниканың болуына, сондай-ақ қайсыбір жұмыс түрін жүргізуге тыйым салынады.	неудовлетворительных результатах предмобилизационного аудита ОТ, ПБ и ООС или проверки знаний ключевых требований внутренних нормативных документов КОМПАНИИ по ОТ, ПБ и ООС, нахождение работников, автотранспорта и спецтехники на объектах КОМПАНИИ, а также проведение какого-либо рода работ категорически запрещается.
5.2. МЕРДІГЕР өндірістік объектілерді қолданыстағы ҚР заңнама талаптарына сәйкес еңбек жағдайы бойынша аттестаттау процесінің ұйымдастырылуын қамтамасыз етуге міндетті. Өндірістік объектілерді еңбек жағдайы бойынша аттестаттау нәтижелері (карталар, хаттамалар, есептер және өзге де құжаттама) КОМПАНИЯ үшін қолжетімді болуы тиіс. Бұл талап соның ішінде тікелей КОМПАНИЯНЫҢ объектілерінде МЕРДІГЕРДІҢ аталған келісімшарттық міндеттемелерін орындау үшін МЕРДІГЕР ашқан жұмыс орындарына қатысты қолданылады. осы 5.2 тармақта баяндалған талаптар МЕРДІГЕР КОМПАНИЯ алдында келісімшарттық міндеттемелерін орындау аясында Жұмыс орындауға тартқан ҚОСАЛҚЫ МЕРДІГЕРЛЕРДІҢ барлық қызметкерлеріне қатысты бірдей қолданылады.	5.2. ПОДРЯДЧИК обязан обеспечить организацию процесса аттестации производственных объектов по условиям труда в соответствии с требованиями действующего законодательства РК. Результаты проведения аттестации производственных объектов по условиям труда (карты, протоколы, отчеты и т.п. документация) должны быть доступны для КОМПАНИИ. Данное требование распространяется в том числе на рабочие места, созданные ПОДРЯДЧИКОМ для исполнения указанных договорных обязательств непосредственно на объектах КОМПАНИИ. Требования, изложенные в настоящем пункте 5.2, равным образом распространяются на всех работников СУБПОДРЯДЧИКОВ, привлеченных ПОДРЯДЧИКОМ к выполнению Работ в рамках исполнения ПОДРЯДЧИКОМ договорных обязательств перед КОМПАНИЕЙ.
5.3. Жұмыс КОМПАНИЯНЫҢ нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес МЕРДІГЕРДІҢ тиісті рұқсат қағаздары және рұқсат қағаздың ажырамайтын қосымшалары болатын қосымша Рұқсаттары болғанда ғана жүргізіледі.	5.3. Работы могут осуществляться только при наличии у ПОДРЯДЧИКА соответствующих нарядов-допусков и дополнительных Разрешений, которые являются неотъемлемыми приложениями наряда-допуска, в соответствии с требованиями нормативных документов КОМПАНИИ.
5.4. Орындалатын жұмыс түріне байланысты КОМПАНИЯ МЕРДІГЕРГЕ қауіптілігі жоғары жұмысты ұйымдастыруға қатысты келесі нұсқаулықтарды ұсынады:	5.4. Работы могут осуществляться только при наличии у Подрядчика соответствующих нарядов-допусков и дополнительных Разрешений, которые являются неотъемлемыми приложениями наряда-допуска, в соответствии с требованиями нормативных документов Компания.
• ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы саясат туралы мәлімдеме	• Заявление о Политике о области ОТ, ПБ и ООС КТК-К
• ҚҚК Өмірлік Маңызы бар Ережелері	• Жизненно Важные Правила на объектах КТК
• Осал жерлерді жою жобасы үшін ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жоспары	• План Управления ОТ, ПБ и ООС для Проекта устранения узких мест

• “От, газ қаупі бар, жөндеу, жер қазу және қауіптілігі жоғары басқа жұмыстарды оларға дайындалуға және жүргізуге рұқсат қағаз ресімдеп ұйымдастыру және жүргізу процедурасы”	• «Процедура по организации и проведению огневых, газоопасных, ремонтных, земляных и других работ повышенной опасности с оформлением нарядов-допусков на их подготовку и проведение».
• «КҚК объектілерінде жұмыстың қауіпсіз орындалуын қамтамасыз ету үшін механикалық-технологиялық жабдықтарды және құбыр байластырғышын ажырату (оқшаулау) бойынша №102 нұсқаулық»;	• «Инструкция №102 по защитному отключению (изоляции) механо-технологического оборудования и трубной обвязки для обеспечения безопасного проведения работ на объектах КТК»;
• «Техникалық қызмет көрсету және апат кезінде әрекет ету мақсатында механикалық-техникалық жабдықтарды оқшаулаудың жалпы принциптері»;	• «Общие принципы изоляции механо-технологического оборудования для целей технического обслуживания и аварийного реагирования»;
• «№ 103 нұсқаулық. Құлып орнату. Электротехникалық жабдықтарға плакат ілу»;	• «Инструкция КТК № 103. Установка замков. Вывешивание плакатов на электротехническом оборудовании»;
• «КҚК объектілерінде ауа кеңістігін бақылауды ұйымдастыру бойынша №104 нұсқаулық»;	• «Инструкция № 104 по организации контроля воздушной среды на объектах КТК»;
• «КҚК жарылыс қаупі және жарылыс-өрт қаупі бар объектілерінде от жұмыстарын қауіпсіз жүргізуді ұйымдастыру бойынша №105 нұсқаулық»;	• «Инструкция № 105 по организации безопасного проведения огневых работ на взрывоопасных и взрывопожароопасных объектах КТК»;
• КҚК объектілерінде жер қазу жұмыстарын ұйымдастыру және қауіпсіз жүргізу бойынша №106 нұсқаулық	• Инструкция № 106 по организации и безопасному проведению ремонтных работ на объектах КТК
• «КҚК объектілерінде жер қазу жұмыстарын қауіпсіз жүргізуді ұйымдастыру бойынша №107 нұсқаулық»;	• «Инструкция № 107 по организации безопасного проведения земляных работ на объектах КТК»;
• «КҚК объектілерінде газ қауіпі бар жұмыстарды қауіпсіз жүргізуді ұйымдастыру бойынша №108 нұсқаулық»;	• «Инструкция №108 по организации безопасного проведения газоопасных работ на объектах КТК»;
• «КҚК объектілерінің өрт қауіпсіздігі ережелері» ІБҚ.	• ВРД «Правила пожарной безопасности объектов КТК».
Бұған қоса КОМПАНИЯ Мердігерге КОМПАНИЯНЫҢ келесі жергілікті нормативтік актілерін жолдайды:	Кроме того, КОМПАНИЯ направляет Подрядчику следующие локальные нормативные акты КОМПАНИИ:
• «Оқиғаларды тергеу тәртібі туралы стандарт»;	• «Стандарт о порядке расследования происшествий»;
• КОМПАНИЯНЫҢ “КОМПАНИЯ қызметкерлерінің арнайы киім, арнайы аяккиім және басқа ЖҚҚ қойылатын талаптар. Негізгі және техникалық талаптар”	• Стандарт КОМПАНИИ «Требования к спецодежде, спецобуви и другим СИЗ работников КОМПАНИИ. Основные и технические требования»
• Еңбек жағдайын және жұмыстың қауіпсіз жүргізілуін бақылау процедурасы	• Процедура наблюдения за условиями труда и безопасным ведением работ
• Автокөлік құралдарының қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз ету саласындағы стандарттар	• Стандарты в области обеспечения безопасной эксплуатации автотранспортных средств
• Мұнай құбырының күзету аймағында жұмыс жүргізуді ұйымдастыру регламенті	• Регламент организации производства работ в охранной зоне нефтепровода
• ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы есептілік бойынша КҚК стандарты	• Стандарт КТК по отчетности в области ОТ, ПБ и ООС

• орындалатын жұмыс түрлеріне қатысты қауіпсіз жұмыс жағдайын қамтамасыз ету бойынша басқа нұсқаулықтар мен процедуралар.	• другие инструкции и процедуры по обеспечению безопасных условий работы в зависимости от вида выполняемых Работ.
Жоғарыдағы КОМПАНИЯНЫҢ жергілікті нормативтік актілер тізімі толықтырылуы, олардың талаптары өзгеруі мүмкін, ол жөнінде Компания Мердігерге жазбаша хабарлайды. КОМПАНИЯНЫҢ ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы жаңадан бекітілген жергілікті нормативтік актілері, Компания оларды Мердігерге бергенде, Мердігер мен қосалқы мердігерлердің орындауы үшін міндетті.	Перечень приведенных выше локальных нормативных актов КОМПАНИИ может быть дополнен, а их требования изменяться, о чем Подрядчик письменно извещается Компанией. Все вновь утвержденные локальные нормативные акты КОМПАНИИ в области ОТ, ПБ и ООС, переданные Компанией Подрядчику, обязательны для выполнения Подрядчиком и субподрядчиками.
5.5. Темекі шегуге тек арнайы бөлінген және белгіленген орындарда ғана рұқсат етіледі.	5.5. Курение разрешается только в специально отведенных и обозначенных местах.
5.6. Бейне және фотоаппаратура қолдану үшін ККК-Қ Аймақтық менеджердің алдын ала жазбаша рұқсатын алу, сондай-ақ қосымша қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету, соның ішінде фотожарқылды қосымша жарықтандыру құралдарын қолданбау талап етіледі.	5.6. Для использования видео- и фотоаппаратуры требуется получение предварительного письменного разрешения Регионального менеджера КТК-К, а также обеспечение выполнения дополнительных мер безопасности, в том числе неприменения фотовспышки либо иных устройств дополнительного освещения.
5.7. КОМПАНИЯНЫҢ жарылыс-өрт қаупі бар өндірістік объектілері (мұнай айдау станциялары, автоматтандырылған газ тарату станциялары) аумақтарында ұялы телефон қолдануға тыйым салынады (ұялы телефондар сөндірулі болуы тиіс).	5.7. На территории взрыво-пожароопасных производственных объектов КОМПАНИИ (нефтеперекачивающие станции, автоматические газораспределительные станции) пользование мобильными телефонами запрещается (мобильные телефоны должны быть выключены).
5.8. КОМПАНИЯ объектілерінің аумағында оқатар немесе өзге түрлі қаруды, сондай-ақ оқ-дәрі және жарылғыш заттарды алып жүруге және сақтауға тыйым салынады. Өзімен оқатар немесе өзге түрлі қару, сондай-ақ оқ-дәрі және жарылғыш заттар алып жүрген тұлғалар жұмыс орындау орнынан дереу шығарылуы тиіс, оған әрі қарай КОМПАНИЯНЫҢ кез келген объектісіне кіруге тыйым салынады және тиісті мемлекеттік органдарға хабар беріледі.	5.8. На объектах КОМПАНИИ запрещено ношение и хранение огнестрельного или иного вида оружия, а также боеприпасов и взрывчатых веществ. Лица, имеющие при себе огнестрельное или иной вид оружия, а также боеприпасы и взрывчатые вещества, подлежат немедленному удалению с места выполнения работ с последующим наложением запрета на доступ на любые объекты КОМПАНИИ с обращением в соответствующие государственные органы.
5.9. МЕРДІГЕР жұмыс уақытының ішінде бүкіл жұмыс аумағында және қойма жайларында еңбекті қорғау, өндірістік, өрт, экологиялық және электр қауіпсіздігі талаптарын сақтауға және жұмыс орнында тазалық пен тәртіпті қамтамасыз етуге міндетті.	5.9. ПОДРЯДЧИК в течение всего времени работы на всей рабочей территории и в складских помещениях обязан соблюдать требования по охране труда, промышленной, пожарной, экологической и электробезопасности и обеспечивать чистоту и порядок на рабочем месте.
5.10. МЕРДІГЕР барлық ескерту белгілерін, сигнал таңбаларын, қорғау қоршауларын, бекітпелерді, берьерлерді, сүйеніштерді, соның ішінде жұмыс процесі мен объектідегі қызметкерлердің (қорғану жарақтарымен қамтамасыз етуді қосқанда) және үшінші тұлғалардың (КОМПАНИЯНЫҢ объектідегі өкілдерінің) қауіпсіздігін қорғау үшін қауіпсіз қол жеткізу жолдарын (құрылыс тақталары, саты және т.б.) қамтамасыз етуге және сақтауға міндетті.	5.10. ПОДРЯДЧИК обязан обеспечить и содержать все предупредительные знаки, сигнальную разметку, защитные ограждения, крепления, барьеры, поручни, включая безопасный доступ (леса, лестницы и т.п.) для защиты рабочего процесса и безопасности рабочих (включая обеспечение защитным снаряжением) и третьих лиц (в том числе представителей КОМПАНИИ) на объекте. Кроме того, Подрядчик, обязан обеспечить место проведения работ первичными средствами пожаротушения согласно нормативных требований.
5.11. КОМПАНИЯ объектілерінде жұмыс	5.11. Работники ПОДРЯДЧИКА, получающие

жүргізу (қызмет көрсету) мақсатында кіруге рұқсат алатын МЕРДІГЕР қызметкерлерінің келесі басшылыққа алынатын және рұқсат құжаттары болуы тиіс:	допуск с целью проведения работ (оказания услуг) на объектах КОМПАНИИ, должны иметь при себе оригиналы следующих распорядительных и разрешительных документов:
• жұмыс жүргізу үшін объектіге іссапармен жіберу туралы бұйрық (ұйғарым), онда адамдардың, мем.нөмірлері жазылған қолданылатын арнайы техника, автокөліктердің, жабдықтардың тізімі болуы тиіс;	• приказ (распоряжение) о командировании на объект для проведения работ с указанием списка лиц, используемой спецтехники, автотранспорта с указанием гос. номеров, оборудования;
• жұмыс электр қондырғыларында жүргізілсе, электр қондырғыларында жұмыс жасау Ережелеріне сәйкес хат;	• в случае проведения работ в электроустановках - письмо согласно Правилам работы в электроустановках;
• жұмыстың орындалуына жауапты (ЖОЖ), дайындық жұмыстарының жүргізілуіне жауапты (ДЖЖЖ), жұмыс жүргізу басшысы (ЖЖБ) және т.с.с. ретінде жұмысты ұйымдастыру бойынша жауаптыларды тағайындау туралы, сондай-ақ сол бойынша жұмыс орындалатын Келісімшарт деректемелері және жұмыс жүргізу орындары міндетті түрде жазылған жұмыс түрлері бойынша бұйрық (ұйғарым);	• приказ (распоряжение) о назначении лиц, ответственных за организацию работ в качестве ответственного за выполнение работ (ОВР), ответственного за проведение подготовительных работ (ОППР), руководителя производства работ (РПР) и т.д., а также видам работ с обязательным указанием реквизитов Договора, по которому выполняются работы и места выполнения работ;
• сол бойынша жұмыс орындалатын Келісімшарт деректемелері және жұмыс жүргізу орындары міндетті түрде жазылған өрт және электр қауіпсіздігіне, ЕҚ және ӨҚ үшін жауапты тұлғаларды тағайындау туралы бұйрық (ұйғарым);	• приказ (распоряжение) о назначении лиц, ответственных за пожарную и электрическую безопасность, ОТ и ПБ с обязательным указанием реквизитов Договора, по которому выполняются работы и места выполнения работ;
• нормативтік актілерде көзделген қауіпті өндірісті объектіде қолданылатын техникалық құрылғыларды өндірістік бақылауды және қауіпсіз пайдалануды жүзеге асыруға жауапты тұлғаларды тағайындау туралы бұйрық (ұйғарым).	• приказ (распоряжение) о назначении лиц, ответственных за осуществление производственного контроля и безопасную эксплуатацию технических устройств, применяемых на опасном производственном объекте, предусмотренные нормативными правовыми актами.
• КОМПАНИЯ объектісінде экологиялық қауіпсіздікке, соның ішінде қалдықтардың есебін жүргізу және олармен жұмыс жасауға жауапты тұлғаларды тағайындау туралы бұйрық (ұйғарым);	• приказ (распоряжение) о назначении лиц, ответственных за экологическую безопасность на объекте КОМПАНИИ в т. ч. за учет отходов и контроль за их обращением;
• қызметкерлердің жарамды куәліктері, сондай-ақ нормативтік құқықтық актілерде көзделгендей қауіпсіздік туралы оқыту және білімін тексеруге қосымша талаптар белгіленген жұмыс орындауға рұқсат: биіктіктегі жұмыс, ЖКМ машинисі/операторы, матаушы, электр қауіпсіздігі бойынша рұқсат, ауа кеңістігіндегі газ талдау және т.б.	• действующие удостоверения работников, а также допуск к выполнению работ для которых установлены дополнительные требования к обучению и контролю знаний по безопасности, предусмотренными нормативными правовыми актами: работы на высоте, машинист/оператор ГПМ, стропальщик, по электробезопасности, газоанализ воздушной среды и т.д.
• соңғы рет тексерілген күні жазылған жарамды газ талдағыштың құжаттамасы;	• документацию на исправный газоанализатор с указанием даты последней поверки;
• өрт-техникалық минимумды оқығанын растайтын құжаттар;	• документы, подтверждающие прохождение обучения по пожарно-техническому минимуму;
• Компания объектілеріне жұмыс өткізу (қызмет көрсету) мақсатында кіруге рұқсат алатын қызметкерлер, мамандар және басшылар үшін: еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қуаіпсіздік мәселелері бойынша білімін тексеру хаттамаларының көшірмелері (куәлік болса).	• для работников, специалистов и руководителей, получающих допуск с целью проведения работ (оказания услуг) на объектах Компании: копии протоколов (при наличии удостоверения) проверки знаний по вопросам охраны труда и промышленной безопасности.

5.12. Теңіз МАС немесе Теңіз МАС маңындағы мұнай құбырының желілік бөлігінде жұмыс орындағанда (қызмет көрсеткенде) Мердігердің әр қызметкерінің “Теңізшевройл” ЖШС объектілерінен күкіртті сутектің бөліну әсерінен қорғайтын 15 минуттық әсері бар шағын сүзгісі болуы тиіс. Мердігер өз персоналын эвакуация көлігімен қамтамасыз етуі тиіс.	5.12. При выполнении работ (оказании услуг) на НПС Тенгиз или на линейной части нефтепровода близ НПС Тенгиз каждый сотрудник Подрядчика должен иметь при себе минифильтр 15 минутного действия от воздействия выброса сероводорода с объектов ТОО «Тенгизшевройл». При этом Подрядчик должен обеспечить свой персонал эвакуационным транспортом.
5.13. МЕРДІГЕР өз қызметкерлерінің КОМПАНИЯНЫҢ еңбек жағдайын және жұмысты қауіпсіз жүргізуді бақылау жүйесімен таныс болуын қамтамасыз етуі және қызметкерлерін барлық қауіпті факторлар, қауіпті жағдайлар/әрекеттер және ықтимал қауіпті жағдайларды анықтап, оны хабарлауға ынталандыруы тиіс.	5.13. ПОДРЯДЧИК должен обеспечить осведомленность своих работников с системой наблюдений за условиями труда и безопасным ведением работ КОМПАНИИ и стимулировать работников выявлять и сообщать обо всех опасных факторах, небезопасных условиях/действиях и потенциально-опасных ситуациях.
5.14. МЕРДІГЕР ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ талаптарының сақталмауына байланысты себептермен жұмысты кез келген уақытта тоқтатуы мүмкін; ондай жағдайларда МЕРДІГЕР КОМПАНИЯҒА себептерін түсіндіріп, дереу жазбаша хабарлауы және жұмысты қайта бастамас бұрын сәйкессіздіктерді жоюға қажет қабылданудағы шаралар туралы ақпарат беруі тиіс.	5.14. ПОДРЯДЧИК может в любой момент приостановить работы по причинам, связанным с несоблюдением требований ОТ, ПБ и ООС; в таких случаях ПОДРЯДЧИК должен незамедлительно сообщить КОМПАНИИ в письменном виде о причинах и предоставить информацию о предпринимаемых мерах, требуемых для устранения несоответствий до того, как работы могут быть возобновлены.
6. ЖАБДЫҚТАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР	**6. ТРЕБОВАНИЯ К ОБОРУДОВАНИЮ**
6.1. Өнеркәсіптегі қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау органдарында тіркелмеген (ҚР заңнамасына сәйкес талап етілсе), уақытылы техникалық куәландырудан өтпеген, ақаулы жабдықтарды, механизмдерді, техникалық құрылғыларды пайдалануға тыйым салынады.	6.1. Запрещена эксплуатация оборудования, механизмов, технических устройств, не зарегистрированных в органах государственного надзора в сфере промышленной безопасности (если требуется в соответствии с законодательством РК), не прошедших своевременно техническое освидетельствование, находящихся в неисправном состоянии.
6.2. МЕРДІГЕР КОМПАНИЯ объектілерінде жабдық пайдаланғанда пайдалану нұсқаулығында белгіленген дайындаушы зауыт талаптарының сақталуын қамтамасыз етуі, ақаулы (жұмысқа жарамсыз) және жабдықтың өнеркәсіптегі қауіпсіздік талаптарына сәйкес емес, оның жұмысының қауіпсіздігіне әсер ететін жабдықтардың, ақаулы арматура, бақылау-өлшеу құралдарының, сақтандыру және бұғаттау құрылғыларының, дабыл және қорғау құралдарының, сондай-ақ жабдықтың пайдаланылған уақыты төлқұжатында жазылған дайындаушы мәлімдеген қызмет мерзімінен (қауіпсіз пайдалану уақыты) асса, пайдалануына жол бермеуі тиіс.	6.2. При эксплуатации оборудования на объектах КОМПАНИИ ПОДРЯДЧИК должен обеспечить соблюдение требований завода-изготовителя, установленных руководством (инструкцией) по эксплуатации, не допускать эксплуатацию неисправного (неработоспособного) и не соответствующего требованиям промышленной безопасности оборудования, у которого выявлены дефекты (повреждения), влияющие на безопасность его работы, неисправны арматура, контрольно-измерительные приборы, предохранительные и блокировочные устройства, средства сигнализации и защиты, а также если период эксплуатации превысил заявленный изготовителем срок службы (период безопасной эксплуатации), указанный в паспорте оборудования.
6.3. МЕРДІГЕР КОМПАНИЯНЫҢ талабымен ҚӨО-де қолданылатын жабдықтардың/техникалық құрылғылардың ҚР заңнама талаптарына сәйкестігі туралы құжаттарын табыстауға міндетті.	6.3. ПОДРЯДЧИК обязан по требованию КОМПАНИИ предоставить документы о соответствии оборудования/технических устройств, применяемых на ОПО, законодательным требованиям РК.
6.4. Қажет болғанда МЕРДІГЕР КОМПАНИЯҒА электр жабдықтарының	6.4. При необходимости ПОДРЯДЧИК должен предоставить КОМПАНИИ заверенные

тексерілгені және сыналғаны туралы, өлшеу аспаптарының тексерілгені туралы және т.б. растаушы құжаттардың көшірмелерін табыстауы тиіс.	копии подтверждающих документов о проверке и испытании электрооборудования, поверки приборов измерения и др.
6.5. Жабдықтарды Жұмыс жүргізу орнына орналастыру алдын ала Компаниямен келісіледі.	6.5. Размещение оборудования на месте проведения Работ заранее согласовывается с Компанией.
7. Жеке қорғану құралдары (ЖҚҚ)	**7. Средства индивидуальной защиты (СИЗ)**
7.1. Қызметкерлерді жеке қорғану құралдарымен (мәтінде әрі қарай - ЖҚҚ) қамту және Мердігер қызметкерлерінің ЖҚҚ қолдану талаптарын сақтауын қамтамасыз етуге тек қана Мердігер жауапты.	7.1. Обеспечение работников средствами индивидуальной защиты (далее по тексту - СИЗ) и обеспечение соблюдения работниками Подрядчика требований по применению СИЗ является исключительной ответственностью Подрядчика.
7.2. МЕРДІГЕР өз есебінен ЖҚҚ сатып алады және жарамды күйде сақтайды, нормативтік мерзімге сәйкес кию мерзімін сақтайды және өз қызметкерлерін уақытылы қамтамасыз етеді, істен шыққан арнайы киімнің және басқа ЖҚҚ алмастырады.	7.2 ПОДРЯДЧИК за счет собственных средств приобретает СИЗ и содержит в исправном состоянии, соблюдает сроки носки, соответствующие нормативным срокам и своевременно обеспечивает ими своих работников, производит замену вышедшей из строя спецодежды и других СИЗ.
7.3. ЖҚҚ таңдағанда МЕРДІГЕР қолданыстағы заңнама талаптарын, “КОМПАНИЯ стандарты. КОМПАНИЯ қызметкерлерінің арнайы киіміне, арнайы аяқ киіміне және басқа ЖҚҚ қойылатын талаптар. Негізгі және техникалық талаптарды”, өндірістік процесс жағдайын, қауіпті және зиян факторлардың МЕРДІГЕР қызметкерлеріне әсерінің түрі мен сипатын ескереді. ЖҚҚ тиісті сертификаттары болуға, олар еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тиіс. ЖҚҚ қолдану мерзімі дайындаушы зауыт белгілегеннен аспауы тиіс. Объектінің өндірістік аймағында қолдану қажет ЖҚҚ ең аз жиынтығы қорғайтын каска, отқа төзімді матадан тігілген арнайы киім, қорғайтын тұмсығы бар арнайы аяқкиім, қорғайтын көзілдірікті қамтиды. Теңіз МАС үшін - күкіртті сутектің бөліну әсерінен қорғайтын 15 минуттық әсері бар шағын сүзгі	7.3. При выборе СИЗ ПОДРЯДЧИК учитывает требования действующего законодательства, «Стандарта КОМПАНИИ. Требования к спецодежде, спецобуви и другим СИЗ работников КОМПАНИИ. Основные и технические требования», условия производственного процесса, вид и характер воздействия на работников ПОДРЯДЧИКА опасных и вредных факторов. СИЗ должны иметь соответствующие сертификаты и обеспечивать безопасность труда. Срок службы СИЗ не должен превышать установленный заводом-изготовителем. Минимальный набор СИЗ, который необходимо применять в производственной зоне объекта, включает в себя защитную каску, специальную одежду, выполненную из огнезащитных тканей, специальную обувь с защитным подноском, защитные очки. Для НПС Тенгиз - минифильтр 15 минутного действия от воздействия выброса сероводорода.
7.4. МЕРДІГЕРДІҢ қызметкері КОМПАНИЯНЫҢ объектісінің өндірістік аумағында болған кезде орындайтын міндеттеріне сәйкес ЖҚҚ иеленуге тиіс.	7.4. При нахождении работника ПОДРЯДЧИКА на производственной территории объекта КОМПАНИИ он должен иметь и использовать СИЗ в соответствии с выполняемыми обязанностями.
8. КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫН ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ЖОЛДАҒЫ ҚОЗҒАЛЫСТЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ	**8. ЭКСПЛУАТАЦИЯ ТРАНСПОРТНЫХ СРЕДСТВ И ОБЕСПЕЧЕНИЕ БЕЗОПАСНОСТИ ДОРОЖНОГО ДВИЖЕНИЯ**
8.1. Дөңгелекті және шынжыр табанды автокөлік құралдарына (АКҚ) және арнайы техникаға (АТ) қатысты Мердігер келесі талаптарды орындауы тиіс:	8.1. В отношении автотранспортных средств (АТС) и специальной техники (СТ) на колесном и гусеничном ходу Подрядчиком должны выполняться следующие требования:
а) Барлық дөңгелекті АКҚ және АТ қауіпсіздік белдіктерімен және бас сүйегіштермен (бас сүйегішті орнату дайындаушы зауыт тарапынан көзделсе), тежегіштерді бұғаттауға қарсы ABS жүйелерімен (ABS орнату дайындаушы зауыт тарапынан көзделсе) жабдықталуы, сондай-ақ жол	а) Все АТС и СТ на колесном ходу должны быть оборудованы ремнями безопасности и подголовниками (если установка подголовников предусмотрена заводом-изготовителем), антиблокировочной системой тормозов ABS (если установка ABS предусмотрена заводом-

қозғалысының қауіпсіздігін, автомобиль көлігінде еңбекті қорғауды және өнеркәсіптік көлікті (автотиегіштерді, электртиегіштерді, автокарларды, электрокарларды және т.б. пайдалануға қатысты) пайдалану кезінде еңбекті қорғауды қамтамасыз ету саласындағы қолданыстағы заңнаманың барлық талаптарына сай болуы тиіс.	изготовителем), а также отвечать всем требованиям действующего законодательства в области обеспечения безопасности дорожного движения, охраны труда на автомобильном транспорте и охраны труда при эксплуатации промышленного транспорта (в том числе, в части эксплуатации автопогрузчиков, электропогрузчиков, автокаров, электрокаров и т.д.).
b) Барлық АКҚ тұманға қарсы фаралармен немесе тұманда көру мүмкіншілігін қамтамасыз ететін сыртқы жарықты басқаруға арналған зияткерлік жүйемен жабдықталуы тиіс.	b) Все АТС должны быть оборудованы противотуманными фарами либо интеллектуальной системой управления наружным освещением, обеспечивающей видимость в условиях тумана;
c) Барлық жеңіл АКҚ, микроавтобустар мен автобустар кем дегенде жүргізуші мен алдағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастықтарымен жабдықталуы тиіс (егер қауіпсіздік жастықтарын орнату дайындаушы зауыт тарапынан көзделсе);	c) Все легковые АТС, микроавтобусы и автобусы должны быть, как минимум, оборудованы фронтальными подушками безопасности водителя и переднего пассажира (если установка подушек безопасности предусмотрена заводом-изготовителем);
d) Шынжыр табанды АТ машинистің орны, сондай-ақ автомобиль кранындағы краншының жұмыс орны қауіпсіздік белдігімен жабдықталуы тиіс (қауіпсіздік белдігінің орнатылуы дайындаушы зауыт тарапынан көзделсе);	d) Место машиниста на СТ на гусеничном ходу, а также рабочее место крановщика на автомобильном кране должно быть оборудовано ремнем безопасности (если установка ремня безопасности предусмотрена заводом-изготовителем);
e) Жүргізуші/машинист және барлық жолаушылар үшін қауіпсіздік белдіктерін қолдану міндет.	e) Использование ремней безопасности водителем/машинистом и всеми пассажирами обязательно.
f) Жүргізушілер мен машинистердің талап етілетін АКҚ және АТ санатын басқару үшін қажет біліктілігі, тиісті қолданыстағы жүргізуші және/немесе машинист куәлігі болуға тиіс.	f) Водители и машинисты должны иметь квалификацию, необходимую для управления требуемой категорией АТС и СТ, соответствующее действующее водительское удостоверение и/или удостоверение машиниста.
g) Қауіпсіздік жағдайы көлік қоюдың басқа әдісін талап етпесе, дөңгелекті АКҚ және АТ артқа жүру (автомобильден шығып, артта кедергі жоқ екеніне көз жеткізіңіз, апаттық дабылды қосып, сондай-ақ қозғалмас бұрын және де қозғалғанда ауық-ауық дыбыс белгісін беріңіз) арқылы орнына қойылуға тиіс. Рұқсат етілген ең көп массасы 3,5 тоннадан асатын дөңгелекті АКҚ және АТ кері қозғалудың дыбыстық сигналымен жабдықталуы тиіс.	g) АТС и СТ на колесном ходу должны парковаться задним ходом, (выйдите из автомобиля и убедитесь в отсутствии помехи сзади, включив аварийную сигнализацию, а также подавая звуковой сигнал до начала движения и, периодически, во время движения), если условия безопасности не требуют иного способа парковки. АТС и СТ на колесном ходу, разрешенная максимальная масса которых превышает 3,5 тонны, должны быть оборудованы звуковым сигналом заднего хода.
h) Май, жанармай немесе техникалық сұйықтық ағатын, тежеу, отын, гидравликалық жүйелері, пайдаланылған газдарды шығару жүйелері, сондай-ақ АКҚ және АТ қауіпсіз пайдалануға әсер ететін бүтін емес КҚ пайдалануға тыйым салынады. Техникалық сұйықтық және ЖЖМ ағатын АКҚ және АТ КОМПАНИЯ объектілерінің аумағына кіруге тыйым салынады. i) Егер МЕРДІГЕР: • КҚК магистральдық мұнай құбырының желілік бөлігінде және өндірістік объектілерінде және оның күзету аймақтарында АКҚ және АТ жұмылдырып, техникалық қызмет немесе өзге қызмет көрсетсе; • КҚК-Қ магистральдық мұнай құбыры трассасы бойындағы өтпелермен АКҚ және АТ қозғалса;	h) Запрещается эксплуатировать АТС и СТ, имеющие подтекание технических жидкостей, нарушение целостности тормозной, топливной, гидравлической систем, системы выпуска отработавших газов, а также других систем, влияющих на безопасную эксплуатацию ТС. Въезд АТС и СТ, имеющих подтекание технических жидкостей и ГСМ на территорию объектов КОМПАНИИ запрещен. i) В случае если ПОДРЯДЧИК: • оказывает с привлечением АТС и СТ услуги по техническому обслуживанию и иные услуги на линейной части и производственных объектах магистрального нефтепровода КТК и его охранной зоне; • передвигается на АТС и СТ по вдольтрассовым проездам магистрального

• ҚҚК-Қ магистральдық мұнай құбыры желілік бөлігіне және өндірістік объектілеріне Мердігердің қызметкерлерін жеткізу үшін АКҚ және АТ қолданса; қолдану мерзімі 1 жыл немесе одан асатын келісімшарттар бойынша дөңгелекті АКҚ және АТ қатысты аталған мердігерлерге келесі талаптар қойылады: - Барлық АКҚ көлік құралдарының борттағы мониторинг жүйесімен (бұдан әрі - БМЖ), ол ең болмаса келесі параметрлерді белгілеп алуы тиіс: жүріп өткен қашықтық, жылдамдық, кенеттен үдету, кенеттен баяулату, жүргізушінің жұмыс уақыты, сондай-ақ жүргізушіні сәйкестендіру функциясы болуы тиіс. КОМПАНИЯНЫҢ уәкілетті өкілдерінің сол БМЖ порталына кіру рұқсаты болуы тиіс. - МЕРДІГЕРДІҢ жүргізушілерінің RoSPA (немесе мына ұйымдардың бірімен: CEPA, Test&Training, Prodrive Academy) аккредитивтеген мамандандырылған ұйымда автомобильді қауіпсіз жүргізуді оқығаны туралы жарамды сертификаты болуы тиіс. Өрт сөндіру автомобильдеріне және жедел медициналық жәрдем автомобильдеріне БМЖ қондыру қажет болғанда КОМПАНИЯНЫҢ қосымша жазбаша талабымен жасалады. Шынжыр табанды АТ-ға, сондай-ақ құрылымына тән ең тез жылдамдығы 40 км/сағ кем дөңгелекті АТ-ға БМЖ қондыру талап етілмейді.	нефтепровода КТК-К; • использует АТС и СТ для доставки работников Подрядчика на линейную часть и производственные объекты магистрального нефтепровода КТК-К; по договорам, срок действия которых составляет 1 год и более, в отношении АТС и СТ на колесном ходу указанных подрядчиков устанавливаются следующие требования: - все АТС и СТ должны быть оборудованы бортовой системой мониторинга (БСМ) транспортных средств, которая как минимум должна фиксировать следующие параметры: пробег, скорость, резкое ускорение, резкое замедление, время работы водителя, а также иметь функцию идентификации водителя. Уполномоченные сотрудники КОМПАНИИ должны иметь доступ к порталу данной БСМ.; - водители ПОДРЯДЧИКА должны иметь действующий сертификат о прохождении обучения защитному (безопасному) вождению автомобиля в специализированной организации, аккредитованной RoSPA (или одной из следующих организаций: CEPA, Test&Training, Prodrive Academy). Установка БСМ на пожарные автомобили и автомобили скорой медицинской помощи, осуществляется, в случае необходимости, по дополнительному письменному требованию КОМПАНИИ. Не требуется установка БСМ на СТ на гусеничном ходу, а также на СТ на колесном ходу, максимальная конструктивная скорость которой составляет менее 40 км/ч.
j) шина протекторлары суретінің қалдық тереңдігі дөңгелекті АКҚ және АТ санаты ескеріліп қойылатын заңнама талаптарына сәйкес болуы тиіс. КҚ шиналарының сымы көрініп тұратындай көзге білінерлік зақымдары (тіліктер, жырықтар және т.б.), сондай-ақ қаңқасының қабаттануы, протекторы немесе қапталы қабыршақтанған болмауы тиіс.	j) Остаточная глубина рисунка протектора шин должна соответствовать требованиям действующего законодательства, предъявляемым к колёсным АТС и СТ с учетом их категории. Шины ТС не должны иметь видимых повреждений, обнажающих корд (порезы, разрывы и т.д.), а также расслоение каркаса, отслоение протектора или боковины.
k) Жұмыс жүргізу орнына кіруі керек барлық АҚҚ және АТ техникалық тұрғыда жарамды болуы тиіс. АКҚ және АТ типіне байланысты олардың техникалық күйі келесі құжаттардың талаптарына сәйкес болуы тиіс: • Көлік құралдарын пайдалануға және жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі лауазымды тұлғаларға міндеттерін орындауға рұқсат беру бойынша негізгі ережелер (ҚР Үкіметінің 13.11.2014 №1196 қаулысы); • СТ ҚР МЕМСТ Р 51709-2004 “Автокөлік құралдары. Қозғалыс қауіпсіздігінің шарттарына сәйкес техникалық күйіне қойылатын қауіпсіздік талаптары. Тексеру әдістері” стандарты; • “Дөңгелекті көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы” кедендік кеңестің техникалық регламенттері (Кедендік кеңес комиссиясының	k) Все АТС и СТ, для которых требуется въезд на место производства Работ, должны быть технически исправными. В зависимости от типа АТС и СТ их техническое состояние должно соответствовать требованиям следующих документов: • Основные положения по допуску транспортных средств к эксплуатации и обязанностям должностных лиц по обеспечению безопасности дорожного движения (Постановление Правительства РК от 13.11.2014 № 1196»); • Стандарта СТ РК ГОСТ Р 51709-2004 «Автотранспортные средства. Требования безопасности к техническому состоянию по условиям безопасности движения. Методы проверки»; • Технический регламент таможенного союза «О безопасности колесных транспортных средств» (утв. Решением Комиссии Таможенного

